№ 3 қосымша
«Қазақстан Ұлттық Банкінің
Ұлттық инвестициялық корпорация» АҚ
Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына

Бекітілді
«Қазақстан Ұлттық Банкінің
Ұлттық инвестициялық корпорация» АҚ
Директорлар кеңесінің хаттамасымен
2026 жылғы 31 наурыздағы № 232

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ 2025 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы (сәйкестігі) туралы есебі

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 99 шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, корпоративтік хатшы жыл сайын Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті дайындайды.

Кодекс «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-да (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге, басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге, басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Қоғамның жалпыға бірдей қабылданған тиісті корпоративтік басқару стандарттарына және үздік халықаралық тәжірибелерге бейілділігін растауға бағытталған.

Кодекс корпоративтік басқарудың келесі негізгі қағидаттарына негізделеді:

- өкілеттіктерді ажырату қағидаты;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Қоғамды Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты;
- тұрақты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты.

Кодексте бекітілген корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау Қоғамда тиімді әрі теңгерімді басқару жүйесін қалыптастыруға, оның қызметінің ашықтығын арттыруға, сондай-ақ Жалғыз акционер мен өзге де мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Кодекс Жалғыз акционермен 2025 жылы бекітілгенін ескере отырып, оның жекелеген ережелері есепті кезеңде кезең-кезеңімен енгізу сатысында болды. Осы есепті дайындау барысында Кодекстің бірқатар ережелері іргелі сипатқа ие екені және Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғам қызметінде іске асырылатыны назарға алынды. Осыған байланысты мұндай ережелер Қоғамның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады және осы есеп шеңберінде жеке ашып көрсетуді талап етпейді.

Осы есеп Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын талдау, құрылымдық бөлімшелер мен басқару органдары ұсынған ақпарат, сондай-ақ Қоғам қызметінде Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде корпоративтік хатшымен дайындалды.

Есепте Қоғам қызметінде Кодекс қағидаттары мен ережелерінің сақталу деңгейіне бағалау, сондай-ақ есепті кезеңде қолданылмаған немесе енгізу сатысында тұрған Кодекс ережелері туралы ақпарат қамтылған..

№	Кодекстің ережесі/корпоративтік басқару қағидаты	Қағидатқа сәйкестік мәртебесі (сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды)	Кодекс ережелерін сақтау үшін орындалған іс-шаралар/ корпоративтік басқару қағидаттары
1. Общее положение			
1	Қоғамның Кодексі Қоғам ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен өзара қатынастардағы корпоративтік басқару тәсілдерін айқындайды. Кодекс Қоғамдағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге, басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.	Сақталады	Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып және ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес әзірленді.
3	Қоғам корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалауды кемінде үш жылда бір рет жүргізеді, оның нәтижелері Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметі корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізеді. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің күтулерін ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін талдауды жүргізу кезеңділігін айқындайды. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне жүргізілген тәуелсіз бағалау мен талдау нәтижелері Қоғамның жылдық есебінде ашып көрсетіледі.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқару кодексі Қоғамның Жалғыз акционерінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 99 шешімімен бекітілді. Кодекстің есепті жылы бекітілуіне байланысты Қоғамда корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау рәсімдері бұрын жүргізілмеген. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне талдау Қоғамның Ішкі аудит қызметімен (бұдан әрі – ІАҚ) жүргізіледі. Аталған практиканы енгізу 2026 жылы басталды, талдау жүргізу процесінде. Бұдан басқа, Қоғам тәуелсіз кәсіби ұйымды тарту арқылы корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізуді жоспарлап отыр. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін талдау және тәуелсіз бағалау нәтижелерін Қоғамның интернет-ресурсында ашып көрсету, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінде көрсету жоспарлануда. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін талдауды жүргізу кезеңділігін ІАҚ-тың орта мерзімді және жылдық жұмыс жоспарларын бекіту кезінде Директорлар кеңесінің шешімімен айқындау жоспарлануда.

4	Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде мыналарды қамтамасыз етеді: 1) заңдылық қағидатын сақтай отырып Қоғамды басқару, тиісті жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ету, өкілеттіктерді ажырату, есептілік пен тиімділік; 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі; 3) мүдделер қақтығысын болдырмау.	Сақталады	Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, Қоғам Жарғысын және ішкі құжаттарды, оның ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелерді сақтай отырып жүзеге асырады, олар басқару органдарының өкілеттіктерін ажыратуды, олардың есептілігін және қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілігін көздейді. Қоғамда «үш қорғаныс желісі» қағидаты негізінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді, оның шеңберінде тәуекел-менеджмент және комплаенс функциялары екінші қорғаныс желісі ретінде, ал ІАҚ – үшінші қорғаныс желісі ретінде жүзеге асырылады. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу мақсатында Қоғамда мүдделер қақтығысын басқару саясаты бекітілген және қолданылады.
5	Қоғамның Кодексті сақтауын бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы тұрақты негізде мониторинг жүргізеді және Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқармасына осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті қалыптастырады. Кейіннен аталған есеп Директорлар кеңесінің комитеттерінің қарауына енгізіледі, Директорлар кеңесімен бекітіледі және Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі. Осы Кодекстің ережелерін сақтамау жағдайлары комитеттердің және Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралып, Қоғамдағы корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылданады.	Сақталады	Корпоративтік хатшы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Кодекстің есепті жылы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілуіне байланысты, Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп алғаш рет дайындалуда. Дайындалған есеп Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізіледі және Қоғамның 2025 жылға арналған жылдық есебінің құрамына енгізілуге жатады.
2. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты			
12	Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы	Сақталады	Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері

	заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес айқындалады.		Қоғамның Жарғысымен[1], Директорлар кеңесі туралы ережемен[2], сондай-ақ Басқарма туралы ережемен[3] айқындалған. Қоғам сондай-ақ қызметін үйлестіру кезінде Жалғыз акционері (сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін басшылыққа алады.[4].
13	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қоғамның Жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктерін ажыратады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қоғамның Жалғыз акционері функцияларын тиісті саланың дамуын ынталандыруды ескере отырып, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) арттыру мақсатында жүзеге асырады.	Сақталады	Жалғыз акционер Қоғамды басқаруда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана қатысады.
14	Қоғам өз қызметін өзінің негізгі (бейіндік) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Жаңа қызмет түрлерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.	Сақталады	Қоғам өз қызметін Жарғыға, стратегиялық құжаттарға және Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады. Қызметтің жаңа бағыттарын дамытуға байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін сақтай отырып, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару және басқару органдарының шешім қабылдау жүйесі шеңберінде қаралады және іске асырылады.
15	Жалғыз акционер Қоғамды басқаруға «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында көзделген Жалғыз	Сақталады	Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамды басқаруға Қоғам Жарғысының 47-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы қатысады.

[1] Қоғамның Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 73 шешімімен бекітілген.
[2] Қоғамның Жалғыз акционерінің 2016 жылғы 30 қазандағы № 36 шешімімен бекітілген.
[3] Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 64 хаттамасымен бекітілген.
[4] Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2014 жылғы 10 қарашадағы № 485 бұйрығымен бекітілген.

	акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана қатысады.		
16	Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің стратегиялық басшылық және Басқарма қызметіне бақылау жасау функцияларын тәуелсіз әрі объективті орындауын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметінде толық операциялық дербестік береді. Қоғамның Басқармасы және оның басшысы өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және әрекеттерді жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамның жедел (ағымдағы) қызметіне араласу жағдайлары туралы тоқсан сайын Директорлар кеңесін және Жалғыз акционерді хабардар етеді. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі мұндай жағдайлардың алдын алу бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар енгізеді.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы Қоғамның Жарғысына сәйкес айқындалған айрықша құзыреттер шеңберінде әрекет етеді. Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамның жедел (ағымдағы) қызметіне араласу жағдайлары болған жоқ.
17	Қоғам, Жалғыз акционер және мүдделі тұлғалар, сондай-ақ нарық қатысушылары арасындағы мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде және нарықтағы адал бәсекелестікті қолдау мақсатында коммерциялық негізде жүзеге асырылады, Қоғамның негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының жекелеген салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе оны іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда.	Сақталады	Қоғамның Жалғыз акционермен, мүдделі тұлғалармен және нарық қатысушыларымен мәмілелері мен өзара қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес коммерциялық негізде жүзеге асырылады. Тиісті мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның органдары өз құзыреті шегінде қабылдайды. Мемлекеттік саясат міндеттерін іске асыру жағдайларында тиісті қызмет Жалғыз акционер айқындаған мақсаттар мен міндеттер шеңберінде жүзеге асырылады.
19	Қоғам сатып алуларға тапсырыс беруші ретінде қатысқан кезде қолданылатын рәсімдер бәсекелестікті қолдауға, кемсітушілікке жол бермеуге, ашықтықты қамтамасыз етуге негізделеді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ведомстволары, құрылымына кіретін ұйымдар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу	Сақталады	Қоғамда сатып алулар Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 27 қарашадағы № 181 шешімімен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

	үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруында болатын заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының талаптарын ескере отырып жүргізіледі.		
20	Жалғыз акционер мен Қоғам арасындағы өзара қатынастар (өзара іс-қимыл) корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі және/немесе Қоғамның Басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен Басқарма төрағасының рөлі мен функциялары ажыратылады және Қоғамның құжаттарында бекітіледі. Жалғыз акционер мен Қоғам арасындағы, Жалғыз акционер қызметі шеңберіндегі өзара іс-қимылға және Жалғыз акционер өкілдерінің Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелігіне жатпайтын өзара іс-қимыл тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады. Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне ашып көрсетеді, сондай-ақ мүдделі тұлғалар алдында Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Ақпаратты, оның ішінде есептерді Жалғыз акционерге ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.	Сақталады	Жалғыз акционерге дивидендтер төлеу кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы туралы шынайы ақпарат ұсынылады. Дивидендтер төлеу «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамының таза табысын бөлу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады, ол Қоғамның Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 10 шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудиттелген жылдық қаржылық есептілік және Қоғам ұсынған таза табысты бөлу тәртібі Жалғыз акционердің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 97 шешімімен бекітілді («Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамының 2024 жылғы қорытындылары бойынша қызметінің кейбір мәселелері туралы»).
21	Қоғам органдар туралы ережелерді (Директорлар кеңесі туралы ережені Жалғыз акционер бекітеді, Басқарма туралы ережені – Директорлар кеңесі), құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді.	Сақталады	Қоғамда басқару органдарының, құрылымдық бөлімшелердің және лауазымды тұлғалардың қызметін реттейтін бекітілген ішкі нормативтік құжаттар қолданылады.

	Осы құжаттардың талаптарын сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.		Тиісті ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар Қоғамның уәкілетті органдарымен өз құзыреті шегінде бекітіледі және корпоративтік басқару процестерін регламенттеуді қамтамасыз етеді.
22	Қоғамның алқалы атқарушы органдарындағы әйелдердің ұсынылатын саны алқалы атқарушы орган мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.	Ішінара сақталады	Общество придерживается принципов равных возможностей и недискриминации при формировании состава коллегиальных исполнительных органов. При этом формирование состава коллегиального исполнительного органа осуществляется исходя из профессиональных компетенций, опыта и квалификации кандидатов. Вопрос обеспечения рекомендуемого уровня гендерного баланса учитывается при последующих изменениях состава исполнительного органа.
23	Қоғамның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады, бұл даму жоспарларында көрініс табады. Қабылданатын барлық шешімдер мен әрекеттер даму жоспарына сәйкес келеді. Қоғам мен Басқарма қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі КПЭ жүйесі болып табылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы (немесе жазбаша хабарлама арқылы) стратегиялық бағдарларды және КПЭ бойынша өз күтулерін білдіреді. Жыл сайын Қоғамның КПЭ-ге қол жеткізуі бағаланады. Аталған бағалау Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде ескеріледі, сондай-ақ оларды мерзімінен бұрын қызметінен босату үшін негіздердің бірі болып табылады.	Сақталады	Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері белгіленген тәртіппен бекітілетін даму жоспары мен өзге де стратегиялық құжаттарда айқындалады. Қоғам мен Басқарманың қызметі Жалғыз акционер айқындайтын стратегиялық бағдарлар мен басымдықтарды ескере отырып жүзеге асырылады. Қоғам мен Басқарма қызметінің тиімділігін бағалау үшін негізгі тиімділік көрсеткіштері (КПЭ) жүйесі қолданылады. Бекітілген КПЭ-ге қол жеткізу жыл сайын бағаланады, оның нәтижелері Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақысын айқындау кезінде ескеріледі.
3.Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты			
24	Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарда және Қоғамның	Сақталады	Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамды басқаруға Қоғам Жарғысының 47-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы қатысады.

	Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді. Қоғамдағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға бағытталған.		Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен қабылданады және жазбаша түрде Жалғыз акционердің шешімдері түрінде ресімделеді.
27	Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционердің лауазымды тұлғасымен қабылданады және жазбаша түрде Жалғыз акционердің шешімі нысанында ресімделуге жатады.	Сақталады	Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысының функцияларын Жалғыз акционер жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен қабылданады және жазбаша түрде Жалғыз акционердің шешімдері түрінде ресімделеді.
28	Жалғыз акционер жыл қорытындыларын шығару және өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесімен және Басқармамен отырыстар өткізе алады. Жалғыз акционер сондай-ақ жыл ішінде Қоғам қызметіне қатысты мәселелерді өз құзыреті шеңберінде талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен тұрақты кездесулер өткізе алады.	Сақталады	Жалғыз акционер Қоғамның басқару органдарымен өз өкілеттіктері шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда Қоғам қызметі мәселелері, жұмыс қорытындыларын шығару және стратегиялық міндеттерді іске асыру бойынша Директорлар кеңесімен, Басқармамен және Директорлар кеңесінің төрағасымен кездесулер мен талқылаулар өткізіледі. Мұндай өзара іс-қимыл Жалғыз акционер мен Қоғамның басқару органдары арасындағы тиімді коммуникацияны қамтамасыз етуге ықпал етеді.
29	Қоғам Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен уақтылы және толық көлемде Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.	Сақталады	Қоғам Жалғыз акционерді оның мүдделерін қозғайтын қызмет мәселелері бойынша уақтылы және толық көлемде ақпараттандыруды қамтамасыз етеді. Ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, оның ішінде материалдар мен есептілікті жолдау, сондай-ақ мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізу арқылы жүзеге асырылады.

30	Қоғам Жалғыз акционерді өзінің қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіпке сәйкес есептілік жүйесі және материалдарды ұсыну арқылы Жалғыз акционерге қаржы-шаруашылық қызметі мен қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.
31	Қоғамда Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл жасау бойынша лауазымды тұлғалардың, корпоративтік хатшының (немесе оның функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның) және Қоғам қызметкерлерінің өкілеттіктері, сондай-ақ оның сұрауларына жауап беру тәртібі бекітілген.	Сақталады	Корпоративтік хатшы туралы ережеге сәйкес корпоративтік хатшы қызметінің негізгі міндеттерінің бірі Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі және Басқарма арасындағы тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылады.
32	Дивидендтер төлеу кезінде Жалғыз акционер Қоғамның қаржылық жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Дивидендтік саясатты Жалғыз акционер бекітеді.	Сақталады	Дивидендтер төлеу Қоғамның Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 10 шешімімен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамының таза табысын бөлу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – Таза табысты бөлу тәртібі).
33	Дивидендтік саясат өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу туралы Жалғыз акционерге ұсыныстарды дайындау кезінде (Басқарманың бастамасы бойынша) Директорлар кеңесі басшылыққа алатын қағидаттарды айқындайды.	Сақталады	Қоғамда Қоғамның қаржылық жағдайын, Жалғыз акционердің мүдделерін және Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуді ескере отырып, таза табысты бөлу және дивидендтер төлеу бойынша ұсыныстарды дайындау қағидаттары мен тәртібін айқындайтын Таза табысты бөлу тәртібі қолданылады.
34	Дивидендтік саясатта сондай-ақ таза табысты бөлу тәртібі және оның дивидендтер төлеуге бағытталатын бөлігін айқындау тәртібі, дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібі, олар жарияланатын шарттар, дивидендтерді төлеу тәртібі мен мерзімі регламенттеледі.	Сақталады	Қоғамда Қоғамның қаржылық жағдайын, Жалғыз акционердің мүдделерін және Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуді ескере отырып, таза табысты бөлу және дивидендтер төлеу бойынша ұсыныстарды дайындау қағидаттары мен тәртібін айқындайтын Таза табысты бөлу тәртібі қолданылады.
35	Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жылдық дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді.	Сақталады	Директорлар кеңесі Басқарманың ұсыныстары негізінде Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысын бөлу және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді. Дивидендтер төлеу туралы шешім белгіленген тәртіппен Жалғыз акционермен қабылданады.

36	Дивидендтік саясат Қоғамның дивидендтер төлеуге бағытталатын таза пайдасының үлесін айқындау тәртібін белгілейді.	Сақталады	Қоғамда Қоғамның таза табысын бөлу кезінде дивидендтер төлеуге бағытталатын таза пайданың үлесін айқындау тәртібін белгілейтін Таза табысты бөлу тәртібі қолданылады.
37	Дивидендтік саясатта Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігінде көрсетілген таза табыс сомасына сүйене отырып дивиденд мөлшерін есептеу тәртібі көрсетіледі.	Сақталады	Дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза табыс көрсеткіштері негізінде Қоғамның Таза табысты бөлу тәртібіне сәйкес айқындалады.
38	Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төленген жағдайда не өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы бөлінген жағдайда, сондай-ақ жекелеген жағдайларда дивиденд мөлшері тиісті кезеңдер үшін таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы мәселені қарау кезінде Жалғыз акционермен ерекше тәртіппен айқындалады.	Сақталады	Қоғамда жекелеген есепті кезеңдердің қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу, сондай-ақ өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қаралады. Мұндай жағдайларда дивиденд мөлшері тиісті кезең үшін таза табысты бөлу туралы мәселені қарау кезінде Жалғыз акционермен айқындалады.
39	Дивидендтер төлеу экономикалық негізділік болған жағдайда және мұндай төлем Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылығының нашарлауына немесе Қоғамның төлем қабілетсіздігіне әкелмейтін жағдайда жүзеге асырылады.	Сақталады	Дивидендтер төлеу мәселелерін қарау кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы және оның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріледі. Дивидендтер төлеу экономикалық негізділік болған кезде жүзеге асырылады.
4. Қоғамды Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты			
Тиімді Директорлар кеңесі			
40	Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды қамтамасыз ететін және Басқарманың қызметіне бақылау жүзеге асыратын, Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады.	Сақталады	Директорлар кеңесі өз құзыреті шегінде Қоғам қызметіне стратегиялық басшылықты және Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады және Жалғыз акционерге есеп береді. Оның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.
41	Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-	Сақталады	Директорлар кеңесінің қызметі ашықтық және Жалғыз акционерге есептілік жағдайында жүзеге асырылады.

	ақ Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғам Жалғыз акционер ұсынған және/немесе оның өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне Жалғыз акционердің еркін жеткізудің тиімді тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді.		Жалғыз акционерді Директорлар кеңесінің қызметі туралы хабардар ету есептілікті, материалдарды және шешімдерді белгіленген тәртіппен ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі. Қоғам сондай-ақ Жалғыз акционердің ұстанымы мен күтулерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне жеткізу тетіктерін қамтамасыз етеді, оның ішінде Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері арқылы және белгіленген корпоративтік өзара іс-қимыл жүйесі арқылы.
42	Директорлар кеңесі өз функцияларын «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға, Қоғамның Жарғысына, Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.	Сақталады	Қоғам өз қызметінде Жарғыны, Қазақстан Республикасының заңнамасын және Директорлар кеңесінің құзыреті айқындалған өзге де ішкі құжаттарды басшылыққа алады.
43	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін адал орындайды және өз қызметінде келтірілген қағидаттарды ұстанады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің мүшелері тәуелсіз директордың өкілеттіктерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету туралы шарттың ережелеріне сәйкес, өздерінің функционалдық міндеттерін адал орындайды, бұл ережелер Өзара іс-қимыл тәртібіне сәйкес әзірленген.
44	Қоғамның қызметін қамтамасыз ету, өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей) Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау, міндеттер қою және нақты, өлшенетін (сандық) КПЭ белгілеу бойынша Директорлар кеңесінің жауапкершілігі және Қоғамның операциялық (ағымдағы) қызметі, оның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей) қойылған міндеттерді орындау және белгіленген КПЭ-ге қол жеткізу бойынша Басқарманың жауапкершілігі Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында бөлінеді және бекітіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін, оның ішінде Жалғыз акционер алдындағы фидуциарлық міндеттерін орындайды және қабылданған шешімдер, өз қызметінің тиімділігі, әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі үшін жауап береді.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктерді ажырату Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында бекітілген. Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне стратегиялық басшылықты және Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады, ал Басқарма ағымдағы операциялық қызметке және белгіленген КПЭ-ге қол жеткізуге жауап береді. Есепті жылы Қоғамның корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционермен бекітілді. Кодекстің есепті жылдың ортасында бекітілуіне байланысты оның жекелеген ережелері Қоғам қызметіне енгізу сатысында, оның ішінде корпоративтік басқарудың тиісті тетіктері мен рәсімдерін одан әрі формализациялау жалғасуда.

	Әртүрлі пікірлер туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның мүдделеріне сәйкес шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері ұсынған барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді. Жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге келесі ақпаратты ұсынады: 1. Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, онда есепті кезеңдегі Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметінің қорытындылары, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын арттыру және орнықты дамуын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар, негізгі тәуекел факторлары, маңызды оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыс нысандары, қатысу деңгейі, сондай-ақ өзге де маңызды ақпарат көрсетіледі – Директорлар кеңесінің есебі Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі; 2. Жалғыз акционердің күтулерін іске асыру туралы есеп. Директорлар кеңесі жыл сайын осы Кодекс нормаларының сақталуы туралы Жалғыз акционер алдында есеп береді. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмауға және Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеуге мүмкіндік беретін тетіктерді енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның даму жоспары, Басқарманың бірінші басшысын сайлау және Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен орнықты дамуына әсер ететін өзге де мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша отырыстар өткізе алады.		
45	Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Қоғамның мүдделеріне сай және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін	Сақталады	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің құрамын қалыптастыру кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби құзыреттері, тәжірибесі мен біліктілігі ескеріледі, бұл Қоғамның мүдделеріне сай объективті және тиімді

	дағдылардың, тәжірибенің және білімнің теңгерімі сақталады.		шешімдер қабылдау үшін қажетті дағдылар мен білімнің теңгерімін қамтамасыз етеді.
46	Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер бекітетін қағидалар мен критерийлерге сәйкес, кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, ашық және әділ конкурс арқылы сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі. Қоғамның тәуелсіз директорларын іріктеу Қоғамның Жалғыз акционері айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Кандидатураларды қарау кезінде кандидаттардың кәсіби құзыреттері, тәжірибесі және іскерлік беделі ескеріледі. Сонымен қатар, есепті күнге Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) кандидаттарды конкурстық іріктеудің жеке тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделмеген.
47	Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және ол Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы Жалғыз акционер шешім қабылдаған сәтте аяқталады.	Сақталады	Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі оларды сайлау кезінде Жалғыз акционермен белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы Жалғыз акционер шешім қабылдаған сәтте тоқтатылады.
48	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен, қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда, тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануға жол беріледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайлау Қоғамның Директорлар кеңесі құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, Жалғыз акционер тарапынан ерекше қарауға жатады. Ерекше жағдайларда алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте тәуелсіз директорды Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын жүргізілуге тиіс және осы Директорлар кеңесі мүшесін сайлау қажеттілігі мен осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері туралы егжей-тегжейлі түсіндірме берілуі тиіс.	Ішінара сақталады	Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы (қайта тағайындалуы) мүмкін. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және қайта сайлау белгіленген тәртіппен Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Кандидатураларды қарау кезінде кәсіби қасиеттері, тәжірибесі және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелері ескеріледі. Бұл ретте, есепті күнге Директорлар кеңесі мүшелерінің болу мерзімінің ұсынылатын шектеріне және оларды одан әрі қайта сайлау мәселесін ерекше қарау тәртібіне қатысты Кодекс ережелері толық көлемде енгізілмеген, өйткені Кодекс есепті жылдың ортасында бекітілген және оның ережелері кезең-кезеңімен имплементациялауға жатады.

49	Бір тұлғаның Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан тоғыз жылдан артық сайлануы ұсынылмайды. Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.	Сақталады	Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және қайта сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Кандидатураларды қарау кезінде кандидаттардың кәсіби құзыреттері, тәжірибесі және іскерлік беделі ескеріледі.
51	Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымын, бизнес қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, даму стратегиясын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып жеке белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны қажетті комитеттер санын құруға мүмкіндік беруі тиіс. Директорлар кеңесінің ұсынылатын сандық құрамы 3-тен 11 адамға дейін. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер Қоғам қызметінің ауқымын, стратегиялық міндеттерін және Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып айқындайды. Есепті күнге Директорлар кеңесі 6 мүшеден тұрады, бұл Кодексте көзделген ұсынылатын сандық құрам диапазонына сәйкес келеді. Директорлар кеңесінің құрамында 1 әйел бар, ол сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Бұл ретте, есепті күнге Кодексте ұсынылған кемінде 30% гендерлік өкілдік деңгейіне қол жеткізілген жоқ. Гендерлік теңгерімнің ұсынылатын деңгейіне қол жеткізу мәселесі Директорлар кеңесінің құрамын кейінгі қалыптастыру кезінде ескерілуі мүмкін. Гендерлік теңгерімнің ұсынылатын деңгейіне қол жеткізу мәселесі кейінгі қалыптастыру кезінде ескеріледі.
52	Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделерінде шешімдер қабылдауды Директорлар кеңесі мүшелерінің (Жалғыз акционер өкілдерінің, тәуелсіз директорлардың, Басқарма төрағасының) теңгерімді үйлесімі арқылы қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің толық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселе белгіленген тәртіппен Жалғыз акционер немесе тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет арқылы Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізіледі.	Сақталады	Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционермен айқындалады және оған Жалғыз акционердің өкілдері, тәуелсіз директорлар және Қоғамның Басқарма төрағасы кіреді. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесін бастамалау белгіленген тәртіппен Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Бастамалау Жалғыз акционермен жүзеге асырылады, бұл қолданыстағы корпоративтік басқару моделіне сәйкес келеді.
53	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына келесі тұлғалар сайланбайды:	Сақталады	Жарғының 57-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын шектеулер белгіленген, оның ішінде Қазақстан Республикасының

	1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар; 2) банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға. Аталған талап банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл бойы қолданылады; 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлға. Осы тармақта көрсетілген ережелер Қоғамның Жарғысында белгіленеді.		заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы, сондай-ақ банкрот деп танылған заңды тұлғалардың қызметіне қатысуға байланысты шектеулер. Аталған ережелер корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келеді және іскерлік беделмен адалдық критерийлерін ескере отырып Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға байланысты шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасымен де реттеледі және міндетті түрде қолданылады.
54	Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар бар және олар қатысады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Тәуелсіз директорлардың саны қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері Қоғаммен, оның басқаруымен немесе меншігімен қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан еркін болуы тиіс, бұл олардың объективті және тәуелсіз пайым жасауына қауіп төндіруі мүмкін.	Сақталады	Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы Қоғамның Жалғыз акционерінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 98 шешімімен айқындалған (бұрынғы құрамда, 6 адам санында, 2 жыл мерзімге қайта сайланған). Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың саны жалпы мүшелер санының 50%-ын құрайды. Тәуелсіз директорлар Қоғам қызметінің негізгі мәселелерін қарауға қатысады және Директорлар кеңесінің комитеттерін басқарады, бұл қабылданатын шешімдердің объективтілігін, тәуелсіздігін және тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.
55	Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары – мүшелері мен Қоғам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, осы Кодекстің ережелерін, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарын ескере отырып шарттармен ресімделеді.	Сақталады	Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамы Қоғамның Жалғыз акционерінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 98 шешімімен айқындалған (бұрынғы құрамда, 6 адам санында, 2 жыл мерзімге қайта сайланған).

	Шарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және өзге де елеулі талаптар, сондай-ақ директордың осы Кодекстің ережелерін сақтау міндеттемелері, оның ішінде өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу міндеттемелері, Қоғам туралы ішкі ақпаратты оның қызметі тоқтатылғаннан кейін Директорлар кеңесі белгілеген мерзім ішінде жария етпеу міндеттемелері, сондай-ақ тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын талаптармен негізделген қосымша міндеттемелер көрсетіледі. Шарттарда Директорлар кеңесі мүшелерінің жекелеген міндеттерді орындау мерзімдері көзделуі мүмкін.		Қоғам мен тәуелсіз директорлар арасындағы қатынастар тәуелсіз директордың өкілеттіктерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету туралы шарттармен ресімделеді. Аталған шарттар тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, сондай-ақ тәуелсіз директорлардың Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қоғамның ішкі құжаттарының және корпоративтік басқару кодексінің талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелерін, оның ішінде ақпараттың құпиялылығын сақтау және өз функцияларын тиісінше орындау міндеттемелерін көздейді.
56	Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етеді, бұл қызметтің үздіксіздігін және Директорлар кеңесінің құрамын кезең-кезеңімен жаңартуды қолдау үшін қажет.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционермен кандидаттардың кәсіби құзыреттері мен тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте, есепті күнге Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарын көздейтін жеке құжат Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілмеген. Аталған жағдай корпоративтік басқару кодексінің есепті жылдың ортасында бекітілуіне байланысты, тиісті ережелердің Қоғам қызметіне енгізу сатысында болуымен түсіндіріледі.
57	Директорлар кеңесі жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелері үшін қызметке енгізу бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 11 наурыздағы № 230 сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімімен Корпоративтік хатшымен әзірленген «Қоғамның жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы» бекітілді. Аталған бағдарламаның іске асырылуын Корпоративтік хатшы қамтамасыз етеді және ол Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін Қоғамның қызметімен, оның стратегиялық міндеттерімен, ішкі құжаттарымен және корпоративтік басқару тәжірибесімен таныстыруға бағытталған.
58	Алғаш рет сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері тағайындалғаннан кейін қызметке енгізу	Сақталады	Қоғамда жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы бекітілген.

	тәртібімен, сондай-ақ өз құқықтары мен міндеттерімен, Қоғам қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең жоғары тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады.		Есепті күнге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланбаған, осыған байланысты бағдарлама есепті кезеңде қолданылмаған
59	Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы Директорлар кеңесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық әрі тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер және Қоғамның Басқармасы арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына бағытталған, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге уақтылы әрі тиісті кәсіби деңгейде әрекет ете алатын кәсіби мамандардан тұратын біртұтас команданы қалыптастырады. Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы рөлін орындау үшін кандидат кәсіби біліктілік пен тәжірибеден бөлек, көшбасшылық, ынталандыру, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіну, жанжалды жағдайларды шешу дағдылары сияқты арнайы қабілеттерге ие болуы тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы мен Қоғамның Басқарма төрағасының рөлі мен функциялары ажыратылады және Қоғамның Жарғысында бекітіледі. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.	Сақталады	Жарғының 59-тармағына сәйкес Қоғамның ағымдағы Директорлар кеңесінің төрайымы Молдабекова Ә.М. (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Жалғыз акционердің өкілі) Директорлар кеңесінің мүшелері арасынан жасырын дауыс беру арқылы сайланған. Директорлар кеңесінің төрағасының/төрайымының рөлі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы мен Басқарма төрағасының функцияларын ажырату Қоғамның Жарғысында бекітілген. Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі мүшелерінің Басқармамен және Жалғыз акционермен тиісті өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.
Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің сыйақысы			
60	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің сыйақы деңгейін Жалғыз акционер Қоғамды табысты басқару үшін қажетті деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту және ынталандыру үшін жеткілікті мөлшерде белгілейді.	Сақталады	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің сыйақы деңгейін Жалғыз акционер белгіленген тәртіппен айқындайды. Сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмысына тиімді қатысу үшін қажетті кәсіби құзыреттері мен тәжірибесі бар тәуелсіз директорларды тарту және ынталандыру қажеттілігін ескере отырып айқындалады.

61	Ешбір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.	Сақталады	Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысын белгілеу туралы шешімдерді Жалғыз акционер қабылдайды. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің сыйақысын белгілеуге байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.
62	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Қоғам үшін күтілетін оң әсер ескеріледі. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің міндеттері (Директорлар кеңесіне төрағалық ету, Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысу және оларға төрағалық ету), Қоғам қызметінің ауқымы, даму стратегиясымен айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесінде қаралатын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордағы ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) ескеріледі.	Сақталады	Тәуелсіз директорлардың сыйақы мөлшері Қоғам қызметінің ауқымын, Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілік деңгейін, олардың Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысуын (төрағалығын), сондай-ақ Қоғамды тиімді басқару үшін білікті мамандарды тарту қажеттілігін ескере отырып Жалғыз акционермен белгіленеді. Сыйақы мөлшерін айқындау кезінде Директорлар кеңесінде қаралатын мәселелердің күрделілігі және Қоғамның стратегиялық міндеттері ескеріледі.
63	Сыйақы деңгейі шамадан тыс жоғары сыйақы деңгейін белгілеу салдарынан қоғам тарапынан туындауы мүмкін теріс реакцияны болдырмау мақсатында теңгерімді және негізделген болып табылады.	Сақталады	Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейін Қоғам қызметінің ауқымын, Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілік деңгейін және тиімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып Жалғыз акционер белгілейді. Сыйақы мөлшерін айқындау кезінде оның негізділігі мен орындалатын функцияларға сәйкестігі қағидаты ескеріледі.
64	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері мен Қоғамның Басқармасы мүшелерінің сыйақысы туралы ақпаратты ашу оларды корпоративтік сайтта орналастыру арқылы жүзеге асырылады.	Ішінара сақталады	Есепті күнге Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылмаған. Осы бөліктегі Кодекс ережелері енгізу сатысында.
65	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне, әдетте, ай сайынғы тұрақты сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің комитеттеріне төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.	Сақталады	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің сыйақысын Жалғыз акционер белгілейді, оған Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы өкілеттіктерін қатар жүзеге асырғаны үшін сыйақы да кіреді. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.
66	Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесіне (-леріне) сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын және шығыстарын өтеу тәртібін	Сақталады	Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ шығыстарды өтеу тәртібін Жалғыз акционер айқындайды.

	айқындайды. Бұл ретте тәуелсіз директорлардың сыйақы шарттары олармен жасалатын шарттарда және Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі..		Сыйақыларды төлеу шарттары мен тәртібі «Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу қағидаларында», сондай-ақ тәуелсіз директорлармен жасалатын шарттарда бекітілген.
Директорлар кеңесінің комитеттері			
67	Директорлар кеңесі жанынан ішкі аудит, стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер бойынша сұрақтарды қарау құзыретіне кіретін комитеттер құрылады. Инвестициялық шешімдерді қабылдау тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бірінің құзыретіне Қоғамның инвестициялық қызметіне байланысты, қаралуы Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер енгізіледі. Комитеттің сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер құрылып, жұмыс істейді, олар жекелеген мәселелерді алдын ала қарауды және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауды қамтамасыз етеді: 1. Стратегиялық жоспарлау комитеті; 2. Ішкі аудит комитеті; 3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережеге сәйкес құрылады және өз қызметін жүзеге асырады, ол Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 48 шешімімен бекітілген.
68	Комитеттердің болуы Директорлар кеңесі мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің комитеттері мәселелерді алдын ала қарауды және ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады. Түпкілікті шешімдерді Директорлар кеңесі қабылдайды, оның мүшелері өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдер үшін жауапты болады.
69	Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін ең маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қараған мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің комитеттері мәселелерді егжей-тегжейлі қарауды және Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады. Тиісті мәселелер бойынша түпкілікті шешімдерді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.
70	Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен реттеледі, олар құрам, құзырет, комитет мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтиды (бірақ олармен шектелмейді).	Сақталады	Комитеттердің қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережемен реттеледі, ол Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 48 шешімімен бекітілген.

	Жалғыз акционер комитеттер туралы ережелермен таныса алады. Комитеттер туралы ережелер корпоративтік сайтта орналастырылады.		Аталған құжат комитеттердің құрамын, құзыретін және жұмыс тәртібін айқындайды және Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылған.
71	Комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін комитет немесе Директорлар кеңесі комитеттің хатшысын тағайындайды. Комитеттің хатшысы корпоративтік хатшы немесе комитеттің шешімі бойынша Қоғамның өзге қызметкері болып табылады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырысқа материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған тұлғаларға отырыстарды өткізу туралы хабарламаларды, күн тәртібін және материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамда Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы функцияларын Қоғамның корпоративтік хатшысы орындайды. Комитеттердің хатшысы комитеттердің қызметін ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді, оның ішінде отырыстарды дайындау, комитет мүшелеріне материалдарды қалыптастыру және жіберу, отырыстардың хаттамаларын жүргізу, комитет шешімдерінің жобаларын дайындау және тиісті материалдарды сақтау. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 215 сырттай дауыс беру шешімімен Аманязова А.Е. Директорлар кеңесі комитеттерінің қолданыстағы құрамының хатшысы болып сайланды. Комитеттер мен Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын мәселелерді жан-жақты қарауды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда комитет мүшелерімен жұмыс талқылауларын және бейнеконференциялар өткізуді практикаға енгізілген, олардың барысында материалдар егжей-тегжейлі ұсынылады және күн тәртібіндегі мәселелер талқыланады, оның ішінде Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарына дайындық кезінде.
72	Директорлар кеңесі комитеттерді құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдерін және өкілеттіктерін айқындайды. Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері, құзыреттері және дағдылары бар Директорлар кеңесі мүшелерінен құрылады. Комитеттердің құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығыстарының болуы ескеріледі. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттермен қатар комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, жақсы коммуникациялық дағдыларға ие болады.	Сақталады	Комитеттердің қолданыстағы құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 215 сырттай дауыс беру шешімімен айқындалған (Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау туралы Жалғыз акционердің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 98 шешімінен кейін). Комитеттер тиісті комитеттердің құзыретіне кіретін мәселелерді тиімді қарау үшін қажетті кәсіби құзыреттері, тәжірибесі және дағдылары бар Директорлар кеңесі мүшелерінен қалыптастырылған. Комитеттердің құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығыстарының алдын алу қажеттілігі ескеріледі.

	Комитет отырыстарында шешімдерді комитет мүшелері қабылдайды. Қажет болған жағдайда комитеттер күн тәртібі мәселелері бойынша сараптамалық консультациялар алу үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тартады.		Комитеттердің төрағалары ретінде тәуелсіз директорлар тағайындалған, бұл комитеттердің жұмысының объективтілігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Комитет отырыстарындағы шешімдер белгіленген тәртіппен комитет мүшелерімен қабылданады. Қажет болған жағдайда комитеттер күн тәртібі мәселелері бойынша сараптамалық қорытындылар алу үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тарта алады.
73	Комитеттер өз жұмысының жоспарын (күнтізбелік жыл басталғанға дейін) бекітеді, ол Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіліп, қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстардың өткізілу күндерін қамтиды. Комитет отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде төрт отырысты құрайды. Комитет отырыстары хаттама ресімдей отырып, күндізгі нысанда өткізіледі. Ерекше жағдайларда комитеттер шешім ресімдей отырып, сырттай нысанда өткізілуі мүмкін. Комитет отырыстарының хаттамалары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі. Қолайлы жағдайлар жасау және комитет отырыстарын өткізу шығындарын азайту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.	Сақталады	Директорлар кеңесі комитеттері өз қызметін Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісілген бекітілген жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырады. Ағымдағы жылға арналған комитеттердің жұмыс жоспары Қоғамның Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 28 күндізгі отырысының хаттамасымен бекітілген. Комитет отырыстары хаттама ресімдей отырып, күндізгі нысанда өткізіледі. Жекелеген жағдайларда отырыстар комитет шешімін ресімдей отырып, сырттай нысанда өткізілуі мүмкін. Комитеттердің жұмыс тиімділігін қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық шығындарды азайту мақсатында Қоғам техникалық байланыс құралдары (бейне-конференц байланыс) арқылы отырыстар өткізеді. 2025 жылы Директорлар кеңесінің комитеттерімен 13 отырыс өткізілді: 1) стратегиялық жоспарлау комитетімен 4 күндізгі отырыс өткізілді; 2) ішкі аудит комитетімен 6 отырыс өткізілді, оның ішінде 4 күндізгі отырыс Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына дейін өткізілді және 2 сырттай (комитет құзыретіне кіретін техникалық мәселелер қаралды); 3) кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетпен 3 отырыс өткізілді.

74	Комитет төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесіне жыл қорытындылары бойынша есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызметі туралы есепті Директорлар кеңесі белгілейтін мерзімдерде ұсынуды талап етуге құқылы.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары комитеттердің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау нәтижелері туралы Директорлар кеңесін комитет отырыстарының хаттамаларын және Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдарды ұсыну арқылы хабардар етеді. Бұл ретте, есепті күнге комитет төрағаларының Директорлар кеңесінің отырысында комитет қызметі туралы дербес жылдық есепті ұсыну практикасы Қоғамның ішкі рәсімдерінде формализацияланбаған. Аталған жағдай Кодекстің есепті жылы бекітілуіне байланысты, тиісті ережелердің кезең-кезеңімен енгізілу сатысында болуымен түсіндіріледі.
Стратегиялық жоспарлау комитеті			
75	Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ықтимал мүдделер қақтығысы бар кез келген мүдделі тараптардың (Жалғыз акционер өкілдері, атқарушы органның басшысы, қызметкерлер және өзге тұлғалар) стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің пайымына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамында тәуелсіз директорлар көпшілікті құрайды. Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы ретінде тәуелсіз директорды сайлау ұсынылады.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау комитеті қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы Кодекс талаптарын ескере отырып қалыптастырылған. Есепті күнге стратегиялық жоспарлау комитеті бес мүшеден тұрады, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл комитет құрамында тәуелсіз директорлардың басымдығын қамтамасыз етеді. Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы тәуелсіз директор Жорж Сударскис болып табылады, бұл Кодекс ұсынымдарына сәйкес келеді.
76	Стратегиялық жоспарлау комитетінің функцияларына Қоғам қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын айқындау мәселелері бойынша, оның ішінде даму жоспарын әзірлеу және өзектендіру, оның орындалуын мониторингтеу, КПЭ белгілеу және мониторингтеу, негізгі тәуекелдерді айқындау, сондай-ақ Қоғам қызметінің тиімділігін, оның ұзақ мерзімді құнын және орнықты дамуын арттыруға ықпал ететін өзге де іс-шаралар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну жатады.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау комитеті Қоғамның стратегиялық дамуы мәселелерін алдын ала қарауды жүзеге асырады және қызметтің басым бағыттары, даму жоспарын әзірлеу және өзектендіру, оның іске асырылуын мониторингтеу, сондай-ақ Қоғам қызметіне әсер ететін негізгі тәуекелдерді айқындау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлейді. Негізгі тиімділік көрсеткіштерін (КПЭ) белгілеу және қарау мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетімен өз құзыреті шеңберінде қаралады.

	Ішкі аудит комитеті		
77	Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ықтимал мүдделер қақтығысы бар мүдделі тараптардың (Жалғыз акционер өкілдері, Басқарма төрағасы, қызметкерлер және өзге тұлғалар) комитет мүшелерінің пайымына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында ішкі аудит комитетінің құрамына тек бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар кіреді. Ішкі аудит комитетінің функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі құжаттарды сақтау, ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, КПЭ белгілеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеуге байланысты мәселелер, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер кіреді.	Ішінара сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің ішкі аудит комитеті тәуелсіз директорлар қатарынан қалыптастырылған. Есепті күнге ішкі аудит комитеті үш тәуелсіз директордан тұрады, бұл комитет құрамының тәуелсіздігі туралы корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келеді. Ішкі аудит комитетінің төрағасы тәуелсіз директор Петер Тилс болып табылады. Комитет ішкі және сыртқы аудитке, қаржылық есептілікке, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға байланысты мәселелерді қарайды. Бұған дейін ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің КПЭ белгілеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінде қаралатын. Ағымдағы жылдан бастап аталған мәселелерді комитеттер қызметінің практикасын Кодекс ережелеріне толық сәйкестендіру мақсатында тек Ішкі аудит комитетінің қарауына шығару жоспарлануда.
78	Ішкі аудит комитеті Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне (шоғырландырылған және/немесе шоғырландырылмаған) аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау бойынша Жалғыз акционерге ұсынымдар дайындайды, сондай-ақ аудиторлық есепті Директорлар кеңесіне алдын ала бекітуге және Жалғыз акционерге бекітуге ұсынар алдында алдын ала қарайды.	Сақталады	Ішкі аудит комитеті аудиторлық ұйымды таңдау мәселелерін қарайды және Жалғыз акционерге ұсынымдар әзірлейді, сондай-ақ аудиторлық есепті Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге ұсынар алдында алдын ала қарайды.
	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет		
79	Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ықтимал мүдделер қақтығысы бар кез келген мүдделі тұлғалардың (Жалғыз акционер өкілдері, Қоғамның Басқарма басшысы, жұмыскерлер және өзге тұлғалар) комитет мүшелерінің пайымына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы корпоративтік басқару кодексінің талаптарын ескере отырып қалыптастырылған.

	комитеттің құрамында тәуелсіз директорлар көпшілікті құрайды.		Комитет бес мүшеден тұрады, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл комитет құрамында тәуелсіз директорлардың басымдығын қамтамасыз етеді. Комитет құрамына кіретін тәуелсіз директорлар ірі ұйымдарда жоғары деңгейдегі (бірінші басшылар) басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, елеулі кәсіби және басқарушылық тәжірибеге ие. Тәуелсіз директорлардың бір бөлігі халықаралық басқару тәжірибесіне және компаниялардың басқару органдарына қатысу тәжірибесіне ие, бұл кадр саясаты, басшы қызметкерлердің қызметін бағалау және сыйақы жүйесі мәселелері бойынша объективті және кәсіби ұсынымдарды қалыптастыруға ықпал етеді.
80	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің кемінде бір мүшесі персоналды басқару және оның қызметін бағалау, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында білімі мен практикалық тәжірибесіне ие болуы тиіс. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.	Сақталады	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамына персоналды басқару, басшы қызметкерлердің қызметін бағалау және корпоративтік басқару саласында практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар кіреді. Комитет төрағасы тәуелсіз директор Хё Джун Ан болып табылады.
81	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің функцияларына Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау (сайлау), мотивациялық КПЭ белгілеу, қызметін бағалау, сыйақы төлеу және сабақтастықты жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны, сондай-ақ тағайындалуы Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылатын Қоғамның өзге қызметкерлерін тағайындау және сыйақы төлеу мәселелері, сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктер берген жағдайларда Директорлар кеңесінің өз құрамына қатысты аталған мәселелерді қарауға қатысу кіреді. Бұл ретте кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің арасында мүдделер қақтығысының туындауына жол берілмейді және өздерін тағайындау және/немесе сыйақы төлеу мәселелерін қарау кезінде қатыспайды.	Сақталады	КПЭ белгілеу, Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау, корпоративтік хатшыны және тағайындалуы Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылатын Қоғамның өзге қызметкерлерін тағайындау және сыйақы төлеу мәселелері кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетпен қаралады.

Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру			
82	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді. Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етіледі.	Сақталады	Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне белгіленген мерзімдерде толық көлемде жіберіледі.
83	Директорлар кеңесі Қоғамның құжаттарымен белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу рәсімдерін сақтайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына, оның ішінде Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
84	Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесімен бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, ол қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстардың өткізілу кестесін қамтиды. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстары күндізгі (бетпе-бет) немесе сырттай дауыс беру нысандарында өткізіледі. Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстар санын қысқарту ұсынылады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырыстары жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен күндізгі нысанда немесе сырттай дауыс беру нысанында өткізілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің отырыстарын күндізгі нысанда өткізуге басымдық беріледі.
85	Стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау тек Директорлар кеңесінің күндізгі (бетпе-бет) дауыс беру нысанындағы отырыстарында жүзеге асырылады.	Сақталады	Мүмкіндігінше стратегиялық сипаттағы мәселелер Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына қарауға шығарылады, бұл оларды Директорлар кеңесі мүшелері тарапынан жан-жақты талқылауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жекелеген жағдайларда шешімдерді жедел қабылдау қажеттілігі туындаған кезде стратегиялық сипаттағы мәселелер сырттай дауыс беру нысанында қаралуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерімен бейнеконференц байланыс (конференц-қоңыраулар) арқылы алдын ала егжей-тегжейлі талқылауды, қажетті материалдар мен түсіндірмелерді ұсынуды қамтамасыз етеді.
86	Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің (Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30%-ынан аспайтын)	Сақталады	Қоғамда Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға техникалық байланыс құралдары арқылы қатысу мүмкіндігі

	отырысқа жеке қатысу мүмкіндігі болмаса, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын екі нысанды үйлестіре отырып өткізуге болады. Қатыса алмаған Директорлар кеңесінің мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша түрде ұсына алады.		көзделген, оның ішінде бейнеконференц байланыс, конференц-байланыс (телефон арқылы) және өзге де қашықтықтан коммуникация құралдары. Мұндай қатысу нысандарын қолдану Директорлар кеңесінің қызметінің үздіксіздігін, күн тәртібіндегі мәселелерді жедел қарауды және Директорлар кеңесі мүшелерінің талқылауға және шешім қабылдауға толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді. Отырысқа жеке қатысу мүмкін болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқармасын алдын ала хабардар етуге міндетті. Қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі мәселелерді техникалық байланыс құралдары арқылы талқылауға қатыса алады немесе белгіленген тәртіппен қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша түрде ұсына алады.
87	Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде алты отырысты құрайды.	Сақталады	2025 есепті жылы 18 отырыс өткізілді, оның ішінде 4 күндізгі (бетпе-бет) және 14 сырттай.
88	Директорлар кеңесінің отырыстарына арналған материалдар кемінде он күнтізбелік күн бұрын, ал Қоғамның Жарғысында айқындалатын аса маңызды мәселелер бойынша кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жіберіледі, егер Қоғамның Жарғысында өзге мерзімдер белгіленбесе.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырыстарына арналған материалдар көрсетілген мерзімдерде жіберіледі.
89	Маңызды мәселелер тізбесіне, оның ішінде даму жоспарын бекіту және оның орындалуын бағалау, Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін КПЭ, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері кіреді.	Сақталады	Маңызды мәселелер бойынша материалдар белгіленген мерзімдерде жіберіледі.
90	Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіне материалдары белгіленген мерзімдерді бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Күн тәртібіне мерзімдерді бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілген жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасына мұндай қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындау Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады. Әдетте, Директорлар кеңесінің отырыстарының күн тәртібіне материалдары белгіленген мерзімдерде ұсынылған мәселелер енгізіледі, бұл оларды тиісінше зерделеу және жан-жақты талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

	Мерзімдерді бұза отырып ұсынылған мәселелерді күн тәртібіне енгізу жағдайы оларды уақтылы дайындау және ұсыну үшін жауапты тұлғаның қызметін бағалау кезінде ескеріледі.		Жекелеген жағдайларда, жекелеген мәселелерді жедел қарау қажеттілігі туындаған кезде, материалдары белгіленген мерзімдерді бұза отырып ұсынылған мәселелерді күн тәртібіне енгізуге жол беріледі. Бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасына/төрайымына мұндай енгізудің қажеттілігі туралы тиісті негіздеме ұсынылады. Практикада мұндай жағдайларда Директорлар кеңесінің қарауына негізінен зерделеу үшін елеулі уақытты талап етпейтін және Қоғамның стратегиялық шешімдеріне немесе қаржылық жағдайына елеулі әсер етпейтін техникалық немесе рәсімдік сипаттағы мәселелер шығарылады.
91	Директорлар кеңесі толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін Кодексте сипатталған талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау үшін қажетті күн тәртібі мәселелері бойынша қосымша ақпарат сұрата алады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің негізделген және уақтылы шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті талдамалық, қаржылық және өзге де ақпаратты қамтитын толық материалдар пакеті ұсынылады. Материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдын ала зерделеу үшін белгіленген тәртіппен жіберіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында шетелдік азаматтар бар екенін ескере отырып, күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар ағылшын тілінде ұсынылады, бұл Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің қаралатын мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді.
92	Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесінің және өзі құрамына кіретін комитеттің отырыстарына қатысады. Осы нормадан ауытқуға Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген ерекше жағдайларда ғана жол беріледі.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің және өздері құрамына кіретін комитеттердің отырыстарына қатысады, бұл олардың талқылау және шешім қабылдау процесіне тартылуын қамтамасыз етеді. Жеке қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі белгіленген тәртіппен отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша өз жазбаша пікірін ұсынуға құқылы.

			Аталған рәсімдер Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысына толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.
93	Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының кворумы Қоғамның Жарғысымен айқындалады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды және қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын (бейне-конференция, телефондық конференц-байланыс және т.б.) пайдалана отырып қатысатын мүшелерді немесе олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда айқындалады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды және жеке қатыса алмаған мүшелерді (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда) ескере отырып айқындалуы мүмкін.
94	Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында шешімдер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады.
95	Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.	Сақталады	Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
96	Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешуші дауыс Директорлар кеңесінің төрағасына/төрайымына тиесілі болады.	Сақталады	Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасының/төрайымының немесе отырысқа төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
97	Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселені талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстары Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшымен немесе корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлері қатарынан комитет хатшысымен толық көлемде талқылау нәтижелері мен	Сақталады	Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беруден бас тартады (бюллетеньдегі тиісті бағанда қол қояды), бұл туралы хаттамада/шешімде тиісті жазба жасалады және дауыстарды санау кезінде корпоративтік хатшымен ескеріледі.

	қабылданған шешімдерді көрсете отырып хаттамаланады.		
98	Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарауды жүргізе алады. Талдауға шешімнің өзі және оны қабылдау процесі жатады. Бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау Директорлар кеңесінің өз қызметін жыл сайынғы бағалау барысында жүргізіледі.	Сақталады	Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қоғамда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін жыл сайын бағалау жүргізу көзделген, оның шеңберінде бұрын қабылданған шешімдер мен оларды қабылдау процесіне талдау жүргізілуі мүмкін. Бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау Қоғамның Директорлар кеңесінің жыл сайынғы өзін-өзі бағалау рәсімі шеңберінде жүзеге асыру жоспарлануда, бұл корпоративтік басқару кодексінің ұсынымдарына сәйкес келеді және шешім қабылдау практикасын жетілдіруге бағытталған.
Директорлар кеңесінің қызметті мен тиімділігін бағалау			
99	Директорлар кеңесі, оның комитеттері және Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайын бағаланады. Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз сыртқы консультантты тарту болып табылады. Директорлар кеңесі қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу қажеттілігі туралы шешімді Директорлар кеңесі кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің ұсынымы негізінде қабылдайды. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін, Басқармамен коммуникацияларды анықтауға, комитеттер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің оның жұмысына тартылуын арттыруға, Директорлар кеңесінің, комитеттердің және корпоративтік хатшының жұмысын жақсартудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған.	Ішінара сақталады	Кодекстің ұсынымдарына сәйкес Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі бекітетін құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайын жүргізілуі тиіс. Корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционермен 2025 жылдың ортасында бекітілуіне байланысты есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау, сондай-ақ тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып бағалау рәсімдері жүргізілген жоқ. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау, оның ішінде өзін-өзі бағалау және қажет болған жағдайда тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып бағалау жүргізу Кодекс талаптарына сәйкес кейінгі есепті кезеңдерде жоспарлануда.

100	Бағалау Директорлар кеңесінің, комитеттердің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына қосқан үлесін айқындауға, сондай-ақ жақсарту бағыттарын анықтауға және тиісті шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларына, тәжірибесіне және біліміне деген қажеттіліктерді айқындау, сабақтастықты жоспарлау және қайта сайлау кезінде пайдаланылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызмет нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін Жалғыз акционермен консультациялар жүргізеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің оңтайлы сандық құрамын және тәуелсіз директорлардың сыйақы мөлшерін айқындау кезінде ескеріледі.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің 2025 жылы бекітілуіне байланысты есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін бағалау рәсімдері жүргізілген жоқ. Бағалауды жүргізу Кодекс талаптарына сәйкес кейінгі есепті кезеңдерде жоспарлануда.
101	Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады және Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін тиімді әрі тиісті қызметке енгізу бағдарламаларын әзірлеуге көмектеседі. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционер өкілдері үшін де, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамына енгізілген жағдайда Басқарма төрағасы үшін де жүргізіледі. Бағалау тұрақтылық, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты критерийлерді қолдана отырып жүргізіледі. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау процесі, мерзімдері мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің 2025 жылы бекітілуіне байланысты есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін бағалау рәсімдері жүргізілген жоқ. Бағалауды жүргізу Кодекс талаптарына сәйкес кейінгі есепті кезеңдерде жоспарлануда.

	Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау процесіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады.		
103	Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесін бағалау тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің 2025 жылы бекітілуіне байланысты есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін бағалау рәсімдері жүргізілген жоқ. Бағалауды жүргізу Кодекс талаптарына сәйкес кейінгі есепті кезеңдерде жоспарлануда.
104	Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің қызметіне өз бетінше немесе өз қаражаты есебінен тәуелсіз сыртқы консультантты тарта отырып жеке бағалау жүргізе алады. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері және КПЭ орындалуы ескеріледі.	Сақталады	Корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің қызметіне өз бетінше немесе өз қаражаты есебінен тәуелсіз сыртқы консультантты тарта отырып бағалау жүргізу мүмкіндігін көздейді. Есепті кезеңде Жалғыз акционер мұндай бағалау жүргізген жоқ.
Қоғамның Корпоративтік хатшысы			
105	Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды.	Сақталады	Қоғамның корпоративтік хатшысы Аманязова А.Е. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 163 шешімімен тағайындалды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Қоғамның Басқармасы арасындағы тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдеседі.
106	Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды және аталған қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның Басқармасынан тәуелсіз болады.	Сақталады	Қоғамның Жарғысына сәйкес корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 215 сырттай дауыс беру шешімімен Қоғамның корпоративтік хатшысы Аманязова А.Е.-нің өкілеттіктері 2027 жылғы 9 маусымға дейінгі мерзімге айқындалды.

			Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Қоғамның Басқармасынан тәуелсіз жүзеге асырады.
107	Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар кіред: 1) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесу; 2) корпоративтік басқару және Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Кодекстің ережелерін қолдану мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне кеңесші рөлін атқару; 3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылау; 4) корпоративтік шешімдердің, Директорлар кеңесінің қызметі нәтижелерінің материалдарының архивін жүргізу және Жалғыз акционер шешімдерінің тізілімін жүргізу; 5) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін Басқарманың және басқа да негізгі қызметкерлердің орындауын мониторингтеу, Директорлар кеңесін олардың орындалуы/орындалмауы туралы хабардар ету; 6) осы Кодекстің ережелері және оларды қолдану бойынша түсіндірмелер беру, осы Кодекстің іске асырылуын мониторингтеу; 7) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіруге қатысу. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындайды. Аталған есепте Кодекстің сақталмайтын қағидаттары мен ережелерінің тізбесі және тиісті түсіндірмелер көрсетіледі.	Сақталады	Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етуге, Қоғамның басқару органдары арасындағы тиісті өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесін дамытуға бағытталған функцияларды жүзеге асырады. Өз өкілеттіктері шеңберінде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін ұйымдастырушылық қолдауды, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды, корпоративтік шешімдер мен материалдардың архивін жүргізуді, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне корпоративтік басқару және Қоғамның ішкі құжаттарын қолдану мәселелері бойынша кеңес беруді қамтамасыз етеді. Кодекс талаптарына сәйкес корпоративтік хатшы сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті дайындайды. Корпоративтік басқару кодексі 2025 жылы бекітілуіне байланысты аталған есеп алғаш рет дайындалуда.

	Корпоративтік хатшыға өзге міндеттерді жүктеу оның ағымдағы жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттерді жүктеу осы Кодексте және Қоғамның ішкі құжаттарында сипатталған функцияларды орындау сапасына теріс әсер етпеуі тиіс. Жаңа функциялар өзге құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың функцияларын қайталамауы тиіс. Қайталану болған жағдайда оны барынша азайту мақсатында функцияларды қайта қарау қажет.		
108	Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету, Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, тиісті корпоративтік басқару практикасын енгізу бөлігіндегі негізгі функциялары келтірілген.	Сақталады	Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін ұйымдастыруды және әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасына\төрайымына жұмыс жоспары мен отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруда жәрдемдесуді, отырыстарды ұйымдастыруды, материалдарды дайындауды және Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберуді, сондай-ақ отырыстарды хаттамалауды және тиісті материалдарды сақтауды қамтиды. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы және ішкі құжаттары мәселелері бойынша кеңес береді, жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке енгізуді ұйымдастырады, олардың оқытуын ұйымдастыруға және сарапшыларды тартуға жәрдемдеседі, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалғыз акционермен және Қоғамның Басқармасымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл бөлігінде корпоративтік хатшы Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығаруды ұйымдастыруды, қажетті материалдарды уақтылы жіберуді, Жалғыз акционер шешімдерін сақтауды және Жалғыз акционердің сұрауларына ақпарат ұсынуды бақылауды қамтамасыз етеді.

			Корпоративтік басқару жүйесін дамыту шеңберінде корпоративтік хатшы корпоративтік басқару кодексінің ережелерін іске асыруға мониторинг жүргізеді, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес береді, сондай-ақ Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті дайындайды.
109	Қоғам органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы тиімді өзара қарым-қатынастар орната білуі және жанжалды жағдайларды шешу дағдыларына ие болуы тиіс. Мүдделер қақтығысы жағдайлары туындаған кезде корпоративтік хатшы бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына\төрайымына хабарлайды.	Сақталады	Корпоративтік хатшы Қоғамның басқару органдары, оның ішінде Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Басқарма арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді. Өз функцияларын орындау шеңберінде корпоративтік хатшы басқару органдары арасында сындарлы өзара іс-қимылды қалыптастыруға жәрдемдеседі, сондай-ақ Қоғамның басқару органдарының қызметіне байланысты ықтимал мүдделер қақтығыстары туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын уақтылы хабардар етеді.
110	Өз міндеттерін орындау үшін корпоративтік хатшы қажетті білімге, тәжірибеге және біліктілікке, адал іскерлік беделге ие болуы тиіс. Қоғамның көлеміне және оның қызмет ауқымына байланысты корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін.	Сақталады	Корпоративтік хатшы өз функцияларын орындау үшін қажетті білімге, тәжірибеге және біліктілікке ие. Қажет болған жағдайда корпоративтік хатшы қызметін құру мәселесі қарастырылуы мүмкін.
111	Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заң немесе экономикалық білімі бар, кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару мен корпоративтік құқық саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалады.	Сақталады	Қоғамның корпоративтік хатшысы Аманязова А.Е. жоғары экономикалық білімге және 20 жылдан астам кәсіби жұмыс тәжірибесіне ие. Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындалған кезде Аманязова А.Е.-нің жұмыс тәжірибесі негізінен Қоғамның басқару органдарының қызметін қамтамасыз етумен, оның ішінде Басқарма хатшылығын жүргізумен байланысты болды. Бұл ретте ол Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келді.
112	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі мүшелеріне ұсынылатын материалдардың толықтығы мен пайдалылығы кезең-кезеңімен талқыланады.	Сақталады	Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындау сапасын қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара іс-қимыл жасайды және қажет болған жағдайда

	Аталған талқылаулардың нәтижелері корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау элементтерінің бірі болып табылады.		Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды толықтыруды және нақтылауды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері қаралатын мәселелер бойынша қосымша материалдар мен түсіндірмелер сұратуға құқылы. Аталған практика ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен пайдалылығын және Директорлар кеңесі отырыстарын дайындаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.
113	Қоғамда корпоративтік хатшыға қатысты қызметке енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді. Корпоративтік хатшыны тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.	Ішінара сақталады	Қоғамда корпоративтік хатшыны тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, есепті күнге корпоративтік хатшыны қызметке енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы Қоғамда әзірленбеген. Тиісті рәсімдерді әзірлеу Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шеңберінде қарастырылуы мүмкін.
114	Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін ереже негізінде жүзеге асырады, онда функциялар, құқықтар мен міндеттер, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және өзге де ақпарат көрсетіледі.	Сақталады	Корпоративтік хатшы туралы ереже Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 148 күндізгі (бетпе-бет) отырысының хаттамасымен бекітілген.
115	Қоғамның Басқармасы корпоративтік хатшыға өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде жан-жақты жәрдем көрсетеді.	Сақталады	Қоғамның Басқармасы корпоративтік хатшыға өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қажетті жәрдем көрсетеді, оның ішінде Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы корпоративтік хатшы функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды ұсынуды қамтиды.
Қоғамныі Омбудсмені			
116-120	Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау және Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалуы мүмкін. Омбудсмен функциялары Қоғам жұмыскерлерінің біріне жүктелуі мүмкін.	Қолдануға жатпайды	Есепті күнге Қоғамда омбудсмен институты құрылмаған. Іскерлік әдеп нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және тиісті өтініштерді қарау

	Омбудсмен лауазымына кандидат мінсіз іскерлік беделге, жоғары беделге ие болуы және бейтарап шешімдер қабылдау қабілетіне ие болуы тиіс.		мәселелері Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның Іскерлік әдеп кодексімен реттеледі. Аталған құжат Қоғам жұмыскерлерінің іскерлік мінез-құлқының негізгі қағидаттарын, сондай-ақ өтініштерді қарау және туындайтын этикалық мәселелерді реттеу тәртібін белгілейді. Омбудсмен институтын енгізу мүмкіндігі Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту шеңберінде қарастырылуы мүмкін.
Директорлар кеңесіне қарасты Ішкі аудит қызметі			
121	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелеріне бақылауды жүзеге асыруда Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында Директорлар кеңесі тәуелсіз ішкі аудиттің болуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Директорлар кеңесіне және атқарушы органға Қоғам қызметін жетілдіруге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру үшін жеке құрылымдық бөлімше ретінде құрылады, бұл тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау және арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі ІАҚ-тың сандық құрамын, оның қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және сыйақы шарттарын, сондай-ақ оның бюджетін айқындайды.	Сақталады	Корпорацияда ІАҚ жеке құрылымдық бөлімше ретінде жұмыс істейді, ол тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз қызметін жүзеге асыру кезінде атқарушы органнан тәуелсіз. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 148 хаттамасымен бекітілген ІАҚ туралы ережеге сәйкес ІАҚ-тың мақсаты Корпорация мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен жетілдіруге жүйелі тәсіл арқылы оның қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады. Корпорацияның Жарғысына сәйкес ІАҚ құрылымы мен штат санын айқындау, оның жұмыскерлерін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ еңбекақы төлеу шарттарын және ІАҚ қызметінің тәртібін айқындау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.
122	ІАҚ жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.	Сақталады	Корпорацияның Жарғысына сәйкес ІАҚ жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

123	ІАҚ тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және Қоғамның Басқармасынан тәуелсіз болып табылады. ІАҚ-тың міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.	Сақталады	ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз қызметін жүзеге асыру кезінде Басқармадан тәуелсіз болып табылады. ІАҚ-тың міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі Директорлар кеңесі бекіткен ІАҚ туралы ережемен айқындалады.
124	ІАҚ-тың ұйымдастырушылық бағыныстылығы және Директорлар кеңесіне функционалдық есептілігі мыналарды білдіреді: 1) ішкі аудит саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, функцияларды және ІАҚ қызметінің тәртібін регламенттейтін ережені Директорлар кеңесінің (ішкі аудит комитетінің алдын ала қарауынан кейін) бекітуі; 2) тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспарын Директорлар кеңесінің (ішкі аудит комитетінің алдын ала қарауынан кейін) бекітуі; 3) жылдық аудит жоспарының орындалуы туралы тоқсандық және жылдық есептерді және ішкі аудит қызметінің өзге де ақпаратын Директорлар кеңесіне (ішкі аудит комитетінің алдын ала қарауынан кейін) ұсыну; 4) ІАҚ басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, қызметтен босату және сыйақы төлеу туралы шешімдерді Директорлар кеңесінің (ішкі аудит комитетінің алдын ала қарауынан кейін) бекітуі; 5) ІАҚ бюджетін Директорлар кеңесінің (ішкі аудит комитетінің алдын ала қарауынан кейін) бекітуі; 6) ІАҚ өкілеттіктеріне немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерге қатысты маңызды шектеулерді Директорлар кеңесінің қарауы.	Сақталады	ІАҚ ережесіне сәйкес: • ІАҚ құрылымы мен штат кестесі Директорлар кеңесімен бекітіледі; • ІАҚ жұмыскерлерін тағайындау және босату туралы шешімдерді Директорлар кеңесі қабылдайды; • аудит салаларының тізбесі, орта мерзімді және жылдық аудит жоспарлары Директорлар кеңесімен бекітіледі; • аудит нәтижелері және ІАҚ қызметі туралы есеп Ішкі аудит комитетімен және Директорлар кеңесімен қаралады. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 148 хаттамасымен бекітілген ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесі сондай-ақ ІАҚ туралы ережені, аудит жоспарларын, ішкі аудит бюджетін және ІАҚ қызметі туралы жылдық есепті бекітеді.
125	ІАҚ-тың негізгі міндеттеріне Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын бағалау және осы жүйенің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізу кіреді.	Сақталады	ІАҚ туралы ережеге сәйкес ІАҚ-тың негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау және жетілдіру арқылы Корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

	ІАҚ-тың негізгі мақсаты Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.		Аудит нәтижелері Ішкі аудит комитетінің және Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.
126	ІАҚ туралы ережеде оның мақсаттары, міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады және мыналар бекітіледі: 1) Ішкі аудиторлардың халықаралық институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған ішкі аудиторлардың этика кодексі мен халықаралық ішкі аудит стандарттарының қағидаттарына бейілділік; 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің мәртебесі, мақсаттары, міндеттері мен жауапкершілігі; 3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін ІАҚ тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары; 4) ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары; 5) ішкі аудит қызметінің қызмет көлемі мен мазмұны; 6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу құқығы; 7) ІАҚ-тың Директорлар кеңесімен және Қоғамның Басқармасымен өзара іс-қимыл тәртібі және ішкі аудит комитеті мен Қоғамның Директорлар кеңесіне есептілік ұсыну тәртібі.	Сақталады	ІАҚ туралы ереже ІАҚ-тың мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды, сондай-ақ ІАҚ қызметінің қағидаттарын, жұмыскерлерінің тәуелсіздігі мен кәсібилігіне қойылатын талаптарды және Корпорацияның басқару органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін бекітеді.
127	ІАҚ туралы ережеде сондай-ақ келесі міндеттер мен функциялар көзделеді: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеу және олардың орындалуын мониторингтеу кезінде Қоғамның Басқармасына және қызметкерлеріне жәрдемдесу; 2) Қоғамның сыртқы аудитормен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында консультациялық қызмет көрсететін тұлғалармен қызметін үйлестіру;	Ішінара сақталады	ІАҚ туралы ереже ІАҚ-тың негізгі міндеттері мен функцияларын айқындайды, оның ішінде консультациялық қызметтер көрсету, қызмет нәтижелерін Директорлар кеңесіне ұсыну, сондай-ақ аудиттен кейінгі бақылауды жүзеге асыру. Корпорацияда сондай-ақ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 148 хаттамасымен бекітілген ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы қолданылады, ол ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді көздейді.

	3) ішкі аудит бөлімшесінің қызмет нәтижелері және жылдық аудит жоспарының орындалуы туралы тоқсандық және жылдық есептерді Директорлар кеңесіне және ішкі аудит комитетіне дайындау және ұсыну (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралардың нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жай-күйін, сенімділігі мен тиімділігін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын); 4) сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізу; 5) ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды және ішкі аудитті ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері бойынша (оның ішінде осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелері бойынша) Директорлар кеңесіне, Басқармаға, құрылымдық бөлімшелерге және еншілес ұйымдарға консультациялар беру, сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша кеңес беру. ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері мен негізгі анықталған мәселелер, ІАҚ ұсынымдарының орындалуын мониторингілеу тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Өз қызметін жүзеге асыру барысында ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқаруға жыл сайын бағалау жүргізеді, бұл ретте ішкі аудит саласындағы жалпыға танылған стандарттар мен корпоративтік стандарттар қолданылады. Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін уақтылы қарауды және ІАҚ ұсынымдарының уақтылы орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді.		Сонымен қатар, Кодексте көзделген жекелеген функциялар (сыртқы аудитормен қызметті үйлестіру, ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің және корпоративтік басқарудың тиімділігіне жыл сайынғы бағалау) ережеде тікелей бекітілмеген, осыған байланысты талап ішінара орындалған.

	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасын әзірлейді және қолдайды, ол ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді міндетті түрде көздейді.		
128	ІАҚ қызметінің тиімділігі (сапасы), оның басшысы мен жұмыскерлерінің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін және ІАҚ қызметінің тиімділігін (сапасын) және оның басшысын бағалау тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжат негізінде Директорлар кеңесімен бағаланады. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы ІАҚ қызметінің ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында әзірленеді және іске асырылады. Осы бағдарлама шеңберінде ішкі және сыртқы мерзімді бағалау (стандарттарға, ішкі аудиторлардың этика кодексіне сәйкестігіне), сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау және қызметті жетілдіру мүмкіндіктерін айқындау көзделеді.	Ішінара сақталады	ІАҚ жұмыскерлерінің қызмет тиімділігін бағалау Корпорация Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің қызметін бағалау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 178 хаттамасымен бекітілген). Корпорацияда сондай-ақ Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы қолданылады, ол ІАҚ қызметінің ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына және этика кодексіне сәйкестігін бағалауға бағытталған. ІАҚ қызметінің ішкі бағалауы алғаш рет 2025 жылдың қорытындылары бойынша жүргізілді. Соңғы сыртқы бағалау 2020 жылы жүргізілді, келесісі 2026 жылға жоспарланған, осыған байланысты талап ішінара орындалған.
Қоғам Басқармасы			
129	Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарма төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге, мінсіз іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады. Басқарма төрағасы ұйымдастырушылық қабілеттерге, сондай-ақ Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, жұмыскерлермен және басқа да мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасауға және сындарлы диалог құруға қабілетті болуы тиіс.	Сақталады	Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарма төрағасы мен мүшелері қажетті кәсіби құзыреттерге, жұмыс тәжірибесіне және іскерлік беделге ие және Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.
130	Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын, даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз	Сақталады	Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты, даму стратегиясы мен даму жоспарын іске асыруды, сондай-ақ басқару органдары қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

	акционер қабылдаған шешімдерді іске асыру үшін жауапты болады.		
131	Жалғыз акционер Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімдерін айқындайды. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшері және еңбекке ақы төлеу шарттары Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Жалғыз акционер кез келген уақытта Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтата алады. Қоғамның Басқармасындағы әйелдердің ұсынылатын саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды. Бұл ретте Қоғамның Басқарма құрамын қалыптастырудың негізгі критерийі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Басқарма мүшелерінің білімдері мен құзыреттері болып табылады.	Сақталады	Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды, сондай-ақ олардың өкілеттік мерзімдерін айқындайды. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбекке ақы төлеу шарттары Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Жалғыз акционер белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтатуға құқылы. Басқарма құрамын қалыптастыру кандидаттардың кәсіби құзыреттерін, тәжірибесін және іскерлік беделін ескере отырып жүзеге асырылады, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес келеді. Кодекстің Басқарма құрамында гендерлік теңгерімді қамтамасыз ету бөлігіндегі ұсынымы бағыттаушы сипатқа ие және Қоғам тарапынан кәсіби іріктеу критерийлерінің басымдығын ескере отырып назарға алынады.
132	Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Олардың өкілеттік мерзімдері Басқарманың өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.	Сақталады	Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін Жалғыз акционер үш жылға дейінгі мерзімге сайлайды. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері Басқарманың өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.
133	Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақы төлеу процесінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесі Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін сыйақыландыру және бағалау бойынша ішкі регламенттеуші құжаттарды бекітеді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамда Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін өзге қызметкерлерді сыйақыландыру және бағалау мәселелерін регламенттейтін келесі ішкі құжаттар бекітілген: 1) Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің қызметін бағалау қағидалары; 2) Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлерге еңбекақы төлеу және материалдық көмек көрсету қағидалары. Аталған құжаттар сыйақы жүйесінің ашықтығын және сыйақының қызмет нәтижелерімен өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған.

134	Басқарма Директорлар кеңесінің басшылығымен Қоғамның даму стратегиясын әзірлейді. Басқарма мыналарды қамтамасыз етеді: 1) Қоғам қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асыруды; 2) тәуекелдерді тиісінше басқаруды және ішкі бақылауды; 3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерін іске асыру үшін ресурстар бөлуді; 4) Қоғам жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігін; 5) Қоғам жұмыскерлерінің мүдделілігі мен адалдығы атмосферасын қалыптастыруды, корпоративтік мәдениетті дамытуды.	Сақталады	Басқарма Қоғамның даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысады және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды, ресурстарды тиімді бөлуді және корпоративтік мәдениетті дамытуды қамтамасыз етеді.
135	Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Бақылау Басқарманың Қоғамның инвестициялық қызметінің нәтижелері туралы Директорлар кеңесіне есептілік ұсынуы және даму жоспарының орындалуы мен қол жеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша Басқарманы жыл сайын тыңдау арқылы жүзеге асырылады.	Сақталады	Жыл сайын Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне келесі мәселелерді шығарады: 1) Қоғамның инвестициялық қызметінің нәтижелері туралы; 2) Қоғамның даму жоспарының орындалуы туралы есеп.
136	Басқарма күндізгі (бетпе-бет) отырыстар өткізеді және даму жоспарын, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерін іске асыру және операциялық қызмет мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Сырттай (сырттай дауыс беру жолымен) отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында айқындалған.	Сақталады	Қоғам Басқармасының отырыстары тұрақты негізде негізінен күндізгі (бетпе-бет) нысанда өткізіледі. Есепті жылы Басқарманың 35 күндізгі (бетпе-бет) отырысы өткізілді.
137	Басқарма күнтізбелік жыл басталғанға дейін қаралатын мәселелер тізбесін қамтитын келесі жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады. Басқарма мүшелері қарауға арналған материалдармен алдын ала және тиісті сапада қамтамасыз етіледі.	Сақталады	Ағымдағы жылға арналған Басқарманың жұмыс жоспары Басқарманың 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 365 отырысының хаттамасымен бекітілген. Басқарма мүшелері күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі.

	Даму стратегиясы мен даму жоспары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыс өткізуге жол беріледі. Әрбір мәселені қарау кезінде шешімді қабылдауға/қабылдамауға байланысты тәуекелдерге және олардың Қоғамның құны мен орнықты дамуына әсеріне жеке талқылау арналады. Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелер алдын ала Басқармамен қаралады және мақұлданады.		Басқарма Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына шығаратын мәселелер алдын ала Басқармамен қаралады және мақұлданады.
138	Басқарма төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда олар бұл туралы алдын ала Директорлар кеңесіне немесе Басқарма төрағасына хабарлайды, оны жазбаша түрде тіркейді және мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспайды. Басқарма мүшелері тарапынан Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары туралы Басқарма төрағасы Директорлар кеңесіне хабарлайды.	Сақталады	Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде адалдық және мүдделер қақтығысының алдын алу қағидаттарын басшылыққа алады. Ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда тиісті тұлға бұл туралы алдын ала Директорлар кеңесіне немесе Басқарма төрағасына хабарлауға және тиісті мәселе бойынша шешім қабылдауға қатысудан бас тартуға міндетті. Есепті кезеңде Басқарма мүшелері тарапынан мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелген жоқ. Басқарма мүшелері тарапынан Іскерлік әдеп кодексі нормаларының бұзылуы да анықталған жоқ.
139	Басқарма төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда лауазымдарды тек Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана атқара алады. Басқарма төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы не атқарушы орган функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқармайды.	Сақталады	Басқарма төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда лауазым атқармайды.
140	Басқарма Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Ұйымдық құрылым мыналарға бағытталған: 1) шешім қабылдау тиімділігіне; 2) Қоғам өнімділігін арттыруға; 3) шешім қабылдау жеделдігіне;	Сақталады	Қоғамның қолданыстағы ұйымдық құрылымы Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 227 шешімімен бекітілген. Қоғамда Қоғамның жаңа жұмыскерлерін іріктеу және бейімдеу қағидалары бекітілген (Басқарманың 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 228 хаттамасымен бекітілген), олар

	4) ұйымдық икемділікке. Қоғамдағы бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу ашық және айқын конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Қоғам жұмыскерлерінің мансаптық өсуі және материалдық ынталандырылуы білім деңгейін, құзыреттерін, жұмыс тәжірибесін және қойылған міндеттерге қол жеткізуін ескере отырып, меритократия қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамда кадр резерві жұмыскерлерінің пулы қалыптастырылады, олардың қатарынан кейіннен орта және жоғары буын басшылық лауазымдарға тағайындаулар жүргізілуі мүмкін. Жұмыскерлер жыл сайын бағалаудан өтеді. Кадрларды іріктеу рәсімдері келесі талаптар бойынша жүзеге асырылады: 1) кәсібилік пен құзыреттілік талаптарына жауап беретін лайықты үміткерлерді іріктеу және бәсекелестікті арттыруға ықпал ететін тең мүмкіндіктер қағидатын қамтамасыз ете отырып, кең ауқымды тұлғалар үшін лауазымдарға орналасуға ашықтық пен шектеулердің болмауы; 2) кадрларды бейтарап іріктеу және протекционизмнің, патронаждық қабылдау жүйесінің (адалдық, этникалық тиесілік, туыстық байланыстар және жеке достық қағидаты бойынша) толық болмауы; 3) құқықтық регламенттеу, оның ішінде кандидаттарды бағалау қағидаттары мен критерийлерін бекіту мәселелерінде, шешім қабылдау кезінде субъективтілікке жол бермеу. Атқарушы орган мүшелерін қайта сайлау тетігі мен мерзімдері оларды ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыруы және КПЭ орындалмаған жағдайда мерзімінен бұрын қызметтен босату мүмкіндігін көздеуі тиіс.		Қоғамның жаңа жұмыскерлерін іздеу, іріктеу және бейімдеу тәртібін айқындайды. Қоғамның бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеу ашық және айқын конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.
Қоғамның Басқарма мүшелерін бағалау және сыйақыландыру			

141	Басқарма төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған мотивациялық КПЭ-ге қол жеткізу болып табылады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің мотивациялық КПЭ-лері Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі. Басқарма мүшелерінің мотивациялық КПЭ-лері бөлігіндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма төрағасы енгізеді.	Сақталады	Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін белгіленген функционалдық КПЭ-ге қол жеткізу негізінде Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.
142	Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.	Сақталады	Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері Директорлар кеңесімен сыйақы төлеу, көтермелеу және оларды қайта сайлау (тағайындау) мәселелерін қарау кезінде ескеріледі.
5. Орнықты даму қағидаты			
143	Қоғам экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етуінің маңыздылығын түсінеді, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қоғамның орнықты дамуына ықпал етеді. Қоғамның орнықты даму саласындағы қызметі ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік орнықты даму қағидаттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық Жалғыз акционер, өзге де мүдделі тараптар және тұтастай алғанда Қоғам үшін Қоғам қалыптастыратын құндылықты бұзады; Қоғам сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жариялайды.	Сақталады	Қоғам экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға әсер етуінің маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құнды қамтамасыз етуге және мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтауға ұмтыла отырып, орнықты даму қағидаттарын ескере отырып қызметін жүзеге асырады. Қоғам өз қызметінде ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, адам құқықтарын сақтау, сондай-ақ мүдделер қақтығысына жол бермеу және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарын басшылыққа алады. Аталған қағидаттарды іске асыру мақсатында Қоғамда Іскерлік әдеп кодексін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға бағытталған өзге де құжаттарды қоса алғанда, ішкі құжаттар қолданылады. Ішкі бақылау жүйесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын, сондай-ақ қызметкерлердің белгіленген этикалық стандарттарды сақтауын қамтамасыз етуді көздейді.

	Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жұмыстан босатылуға және заңдарда көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылуға жатады; Қоғамдағы ішкі бақылау жүйелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, олардың алдын алуға және анықтауға бағытталған шараларды қамтуы тиіс; Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша олардың хабардарлығын арттыру үшін мүдделі тараптармен диалогты дамытуы тиіс.		
144	Қоғамның орнықты даму саласындағы қызметі ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.	Сақталады	Қоғамда орнықты даму қағидаттарын сақтауға бағытталған ішкі құжаттар, оның ішінде Іскерлік әдеп кодексі, Мүдделер қақтығысын басқару саясаты және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қолданылады.
145	Қоғам мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде есептілік қағидаттарының AA1000 стандарты (2008) (AA1000 Accountability Principles Standard (2008)), мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың AA1000 стандарты (2015) (AA1000 Stakeholder Engagement Standard (2015)), ISO 26000 Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық (ISO 26000 Guidance on Social Responsibility), Жаһандық есептілік бастамасының стандарттары (Global Reporting Initiative standards) сияқты халықаралық танылған стандарттарды қолданады.	Сақталады	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарында бекітілген тәсілдер тұтастай алғанда Қоғамның қолданыстағы ішкі құжаттарына қайшы келмейді. AA1000 Accountability Principles Standard (2008), AA1000 Stakeholder Engagement Standard (2015), ISO 26000 Guidance on Social Responsibility, сондай-ақ Global Reporting Initiative (GRI) Standards сияқты стандарттарда көзделген жекелеген қағидаттар Қоғам қызметінде Жарғы мен ішкі құжаттардың ережелері арқылы іске асырылады. Мысалы, есептілік қағидаты Қоғамның Жарғысында және Басқарма туралы ережеде бекітілген. AA1000 стандартында көзделген элементтер, оның ішінде мүдделі тараптарды тарту, қызметтің елеулі мәселелерін айқындау, тиісті іс-шараларды әзірлеу және оларды іске асыру нәтижелері туралы хабардар ету тұтастай алғанда Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі мен ішкі құжаттарының қолданыстағы логикасына сәйкес келеді.
146	Қоғам тәуекелдерді ескере отырып және тәуелділік (тікелей немесе жанама), міндеттемелер, жағдайлар (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), ықпал ету, әртүрлі көзқарастар тұрғысынан	Ішінара сақталады	Қоғам өз қызметі шеңберінде қызмет сипатын, мүдделі тараптардың ықпал ету дәрежесін және ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, өзара іс-қимыл жасайтын мүдделі тараптар шеңберін айқындайды және назарға алады.

	ранжирлей отырып, мүдделі тараптардың картасын жасайды.		Атап айтқанда, **Қоғамның Басқармасы инсайдерлер тізбесін бекітеді**, бұл Қоғаммен елеулі өзара іс-қимыл жасайтын және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін тұлғалар шеңберін айқындауға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл Қоғамдағы мүдделі тараптарды сәйкестендіру жүйесінің элементтерінің бірі болып табылады.
147	Қоғам Жалғыз акционер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның өсуін қоса алғанда, ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді. Қоғамдағы орнықты даму үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.	Сақталады	Қоғам қызмет пен орнықты дамудың жоғары халықаралық стандарттарына сәйкестікке ұмтылады. Атап айтқанда, Қоғам Халықаралық егеменді қорлар форумының (International Forum of Sovereign Wealth Funds — IFSWF) мүшесі, сондай-ақ егеменді қорлардың инвестициялық қызметіне орнықты даму қағидаттарын және климаттық факторларды есепке алуды интеграциялауға бағытталған One Planet Sovereign Wealth Funds Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады. Аталған халықаралық бастамаларға қатысу Қоғам өзінің операциялық және инвестициялық қызметінде ескеруге ұмтылатын орнықты даму және жауапты инвестициялау саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді ұстануды көздейді. Атап айтқанда, инвестициялық мүмкіндіктерді, оның ішінде инвестициялық қорларға жазылуды қарау кезінде Қоғам әлеуетті инвестициялардың ESG-тәсілдерге сәйкестігін бағалайды. Инвестициялық қызмет шеңберінде жекелеген қызмет түрлеріне қатысты шектеулер де қолданылады, оның ішінде құмар ойындармен, қару өндірумен, сондай-ақ алкоголь және темекі өнімдерін өндірумен байланысты инвестициялар.
148	Экономикалық құрамы Қоғам қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционер мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытуға инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.	Сақталады	Қоғам қызметі Жалғыз акционердің мүддесінде активтерді тиімді басқаруды және олардың ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге бағытталған, бұл орнықты дамудың экономикалық құрамдасына сәйкес келеді. Қоғам Жарғысына сәйкес қызметтің басым мақсаттары мыналар болып табылады:

			1) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін, зейнетақы активтерін және өзге де активтерді сенімгерлік басқару қызметін жүзеге асыру; 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін, зейнетақы активтерін және Қоғамның басқаруындағы басқа да активтерді басқару тиімділігін арттыру; 3) баламалы инвестициялар саласындағы үздік әлемдік тәжірибені енгізу. Осыған байланысты орнықты дамудың экономикалық құрамдасы Қоғамда инвестициялық нәтижелерге қол жеткізу, активтерді басқару тиімділігін қамтамасыз ету және Жалғыз акционер айқындаған стратегиялық міндеттерді орындау арасындағы теңгерімді ескере отырып іске асырылады.
149	Экологиялық құрамдас биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануды, экологиялық тұрғыдан қолайлы өнім жасауды, қалдықтарды азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды, сондай-ақ өзге де тиісті қызметті қамтамасыз етеді.	Ішінара сақталады	Қоғам экологиялық құрамдасты өзінің инвестициялық қызметі шеңберінде, оның ішінде инвестициялық мүмкіндіктерді қарау және инвестициялау үшін қорларды таңдау кезінде ескереді. Бұл ретте активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты Қоғам қызметінің ерекшелігі қоршаған ортаға тікелей әсердің болмауын көздейді. Осыған байланысты экологиялық құрамдасты іске асыру негізінен инвестициялық шешімдер және сыртқы басқарушылармен және инвестициялық қорлармен өзара іс-қимыл кезінде экологиялық факторларды ескеру арқылы жүзеге асырылады. Сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде тиісті талаптар болған жағдайда экологиялық аспектілер де ескерілуі мүмкін.
150	Әлеуметтік құрамдас әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, олар, басқалармен қатар, еңбек қауіпсіздігін және жұмыскерлердің денсаулығын	Сақталады	Қоғамда әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған қызметтің әлеуметтік құрамдасын іске асыру қамтамасыз етіледі.

	сақтауды қамтамасыз етуді, әділ сыйақы төлеуді және жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеуді, персоналды жеке дамытуды, персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды, демеушілік пен қайырымдылықты, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді және өзге де тиісті қызметті қамтиды.		Жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, персоналдың денсаулығын сақтау, әділ сыйақы жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуына жағдай жасау мақсатында Қоғамда келесі ішкі құжаттарды қоса алғанда, бірқатар ішкі құжаттар бекітілген және қолданылады: • Персоналды басқару стратегиясы; • Ішкі еңбек тәртібі қағидалары; • Жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының шегінде және шетелге іссапарларға және оқуға жіберу қағидалары; • Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу қағидалары; • Жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау қағидалары. Аталған құжаттар еңбек және онымен байланысты қатынастарды жүйелі реттеуге, тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, Қоғамның кадрлық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеу және олардың кәсіби өсу қағидаттарын қолдауға бағытталған.
151	Қоғам өз қызметіне және осы үш аспект бойынша тәуекелдерге талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға ұмтылады.	Ішінара сақталады	Тоқсан сайын Басқарманың қарауына іске асырылған операциялық тәуекелдер туралы мәселе шығарылады, сондай-ақ мүдделі тараптарға (Жалғыз акционер, жеткізушілер, консультанттар, стратегиялық серіктестер, Қазынашылық контрагенттері) байланысты тәуекелдер талданады.
152	Қоғамда орнықты даму саласында басқару жүйесі қалыптастырылады.	Ішінара сақталады	Қоғамда орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыру бойынша шаралар қабылдануда. Басқарудың жекелеген элементтері корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқарудың және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың қолданыстағы жүйесі шеңберінде іске асырылады.
153	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Барлық жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейлерде жеке мінез-құлық және тиісті	Ішінара сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы корпоративтік басқарудың қолданыстағы жүйесі шеңберінде орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды және дамытуды, сондай-ақ оны Қоғам қызметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

	саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы орнықты дамуға үлес қосады.		Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары барлық деңгейлерде Қоғамның ішкі құжаттарын, саясаттары мен стандарттарын сақтау, сондай-ақ өздерінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындау және белгіленген корпоративтік құндылықтар мен іскерлік әдеп нормаларын ұстану арқылы орнықты даму қағидаттарын іске асыруға қатысады.
154	Орнықты даму мыналарға интеграцияланады: 1) басқару жүйесіне; 2) даму стратегиясына; 3) негізгі процестерге, оның ішінде тәуекелдерді басқаруға, есептілікке, адами ресурстарды басқаруға, инвестицияларға, операциялық қызметке, сондай-ақ Жалғыз акционерден, Директорлар кеңесінен, Басқармадан бастап қатардағы қызметкерлерге дейінгі барлық деңгейлердегі шешім қабылдау процестеріне.	Ішінара сақталады	Қоғамның басқару жүйелері интеграцияланған және басқарудың алқалы органдарын, лауазымды тұлғаларды және Қоғамның ішкі құжаттарын (нормативтік және стратегиялық) қамтитын бірыңғай иерархиялық жүйе ретінде жұмыс істейді.
155	Орнықты даму саласындағы басқару жүйесінде әрбір органның және барлық қызметкерлердің орнықты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттарды және тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асырудағы рөлдері, құзыреттері мен жауапкершілігі айқындалады және бекітіледі.	Ішінара сақталады	Алқалы органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыреттері мен рөлдері лауазымдық нұсқаулықтарда және ережелерде бекітілген.
156	Қоғамда орнықты даму мәселелері бойынша арнайы оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары енгізіледі. Оқыту орнықты дамуды енгізудің тұрақты элементі болып табылады. Қоғамның лауазымды тұлғалары жұмыскерлердің орнықты даму қағидаттарын түсінуі мен ұстануы, сондай-ақ қызметті жүзеге асыру және міндеттерді орындау кезінде мәдениет пен мінез-құлықты өзгерту негізінде олардың орнықты дамуға тартылуына ықпал етеді.	Ішінара сақталады	Қоғам жұмыскерлерді біліктілікті арттыруға, оның ішінде орнықты даму бағдарламалары шеңберінде ынталандырады.
158	Қоғам серіктестермен жасалатын тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) орнықты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізу және сақтауды қарайды. Қоғам серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуіне байланысты тәуекелді	Ішінара сақталады	Қоғам қызмет пен орнықты дамудың жоғары халықаралық стандарттарына сәйкестікке ұмтылады. Атап айтқанда, Қоғам Халықаралық егеменді қорлар форумының (International Forum of Sovereign Wealth Funds — IFSWF) мүшесі, сондай-ақ егеменді қорлардың инвестициялық қызметіне орнықты даму қағидаттарын және

	анықтаған жағдайда, Қоғам мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шаралар қабылдайды. Серіктес орнықты даму қағидаттары мен стандарттарын қабылдамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мұндай серіктестің Қоғам үшін маңыздылығы, оған ықпал ету шараларының болуы және оны алмастыру мүмкіндігі ескеріледі.		климаттық факторларды есепке алуды интеграциялауға бағытталған One Planet Sovereign Wealth Funds Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады. Аталған халықаралық бастамаларға қатысу Қоғам өзінің инвестициялық және операциялық қызметінде ескеруге ұмтылатын орнықты даму және жауапты инвестициялау саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді ұстануды көздейді. Атап айтқанда, инвестициялық мүмкіндіктерді, оның ішінде инвестициялық қорларға жазылуды қарау кезінде Қоғам әлеуетті инвестициялардың ESG-тәсілдерге сәйкестігін бағалайды. Инвестициялық қызмет шеңберінде жекелеген қызмет түрлеріне қатысты шектеулер де қолданылады, оның ішінде құмар ойындармен, қару өндірумен, сондай-ақ алкоголь және темекі өнімдерін өндірумен байланысты инвестициялар.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты			
	Тәуекелдерді басқару		
159	Қоғамда Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған тиімді жұмыс істейтін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылады, ол Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы келесілерді қамтамасыз ету үшін қалыптастыратын ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен әрекеттердің, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіреді: 1) Қоғам құнының өсуі, табыстылығы және олармен қатар жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерімді; 2) қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігін және Қоғамның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; 3) Қоғам активтерінің сақталуын және ресурстарды тиімді пайдалануды;	Сақталады	Қоғамда Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің нормативтік базасына Директорлар кеңесімен бекітілген Тәуекелдерді басқару саясаты, Басқармамен бекітілген Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесі, сондай-ақ Тәуекел-менеджмент департаменті туралы ереже кіреді. Тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін белгілеу мақсатында жыл сайын тәуекел-тәбетті және лимиттерді айқындайтын баламалы инвестициялар суб-портфельдерінің параметрлері бекітіледі, олар Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылады.

	4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігі мен дұрыстығын; 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды; 6) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және көмекші бизнес-процестердің тиімді жұмысын және қызмет нәтижелерін талдауды қамтамасыз ету үшін тиісті ішкі бақылауды. Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғамда тәуекелдерді тиісті басқару мәдениетін енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізу мен оның жұмыс істеуі үздік тәжірибелерге негізделген нақты нормативтік базаға ие.		
160	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды бекітеді. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру шешім қабылдау кезінде қызметкерлердің, менеджменттің және Қоғам органдарының тәуекелдер деңгейінің қисындылығы мен қолайлылығын түсінуін қамтамасыз етуге қабілетті басқару жүйесін құруға, тәуекелдерге жедел ден қоюға, негізгі және көмекші бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуге бағытталған.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді. Атап айтқанда, Тәуекелдерді басқару саясаты Директорлар кеңесімен, ал Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесі Басқармамен бекітілген. Қоғамда тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіруді, құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетуді, сондай-ақ тәуекелдер туралы ақпаратты мониторингтеу мен шоғырландыруды қамтамасыз ететін Тәуекел-менеджмент департаменті жұмыс істейді. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау құрылымдық бөлімшелермен өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде жүзеге асырылады, ал елеулі тәуекелдер туралы ақпарат Қоғам басшылығының назарына жеткізіледі.
161	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдері келесілерді көздейді: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындауды; 2) шешім қабылдаудың барлық деңгейлерін қамтитын және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Сақталады	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген. Директорлар кеңесімен бекітілген Тәуекелдерді басқару саясаты, сондай-ақ Басқармамен бекітілген Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесі тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін,

	жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі тиісті деңгейдің рөлін ескеретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымын; 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды (тәуекелді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, әрекет ету әдістерін айқындау, мониторинг); 4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды (ішкі бақылау жүйесінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділікті бағалау және есептілік тәртібі).		тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымын, сондай-ақ тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және оларға әрекет ету тәсілдерін айқындайды. Аталған құжаттар сондай-ақ тәуекелдерді басқару және Қоғам қызметі шеңберінде ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды көздейді.
162	Қоғамның ішкі құжаттарында Қоғам органдарының, ішкі аудит қызметінің және Қоғамның өзге де бөлімшелерінің рөлі мен міндеттері, жауапкершілігі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі шеңберіндегі олардың өзара іс-қимыл тәртібі көзделеді. Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қолдауды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару процесі Қоғам қызметін жоспарлау (даму жоспары және даму стратегиясы) және оның нәтижелерін бағалау процестерімен интеграцияланған.	Сақталады	Қоғам органдары мен бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі рөлдері, міндеттері мен жауапкершілігі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген. Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі көпдеңгейлі болып табылады және барлық құрылымдық бөлімшелерді қамтиды. Бақылау жүйесі функцияларды деңгейлер бойынша бөлуді көздейді, оның ішінде құрылымдық бөлімшелер деңгейін, тәуекел-менеджмент бөлімшесін, Басқарманы/Инвестициялық комитетті және Директорлар кеңесін қамтиды. Саясат сондай-ақ ішкі аудит бөлімшесінің бақылау жүйесінің жай-күйіне және Қоғам қызметі бағыттарының жұмыс істеуіне мерзімді тексерулер жүргізудегі рөлін, сондай-ақ бақылау нәтижелері туралы Директорлар кеңесін, Басқарманы және Инвестициялық комитетті хабардар ету тәртібін айқындайды.
163	Қоғамның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Қоғамның Басқармасы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар жұмыскерлер арқылы тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді басқару басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және басқарушылық шешімдер қабылдау процестеріне интеграцияланған. Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес бақылау жүйесі Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерін қамтиды және құрылымдық бөлімшелер деңгейін, тәуекел-менеджмент бөлімшесін, Басқарманы/Инвестициялық

			комитетті және Директорлар кеңесін қамтитын көпдеңгейлі бақылау жүйесін көздейді. Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді және олардың жұмыс істеуін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіруді, құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетуді және тәуекелдер мониторингін жүзеге асыратын мамандандырылған бөлімше – Тәуекел-менеджмент департаментінің қызметін қамтамасыз етеді. Осылайша, Қоғамда басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдер ескеріледі, ал тәуекелдерді басқару процестері тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлермен іске асырылады.
164	Қоғамның Басқармасы: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы Басқармамен және/немесе Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді; 2) өзіне бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін практикалық іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы Директорлар кеңесі шешімдерінің және аудит комитеті ұсынымдарының орындалуына жауап береді; 4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне мониторинг жүргізеді; 5) сыртқы және ішкі бизнес-ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамның Басқармасы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін іске асыруды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесі Басқармамен бекітілген және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және басқару процестерін реттейді. Тәуекелдерді басқару рәсімдерін іске асыру мамандандырылған бөлімше – Тәуекел-менеджмент департаментінің қатысуымен жүзеге асырылады. Басқарма тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бөлігінде Директорлар кеңесі шешімдерінің және аудит комитеті ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне мониторинг жүргізеді.
165	Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдері бойынша өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті бөлу ішкі нормативтік құжаттарда бекітілген.

	нақты рәсімдері бойынша өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті төмен тұрған деңгейдегі басшылар мен/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары/бизнес-процестер иелері арасында бөледі.		Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қоғамдағы бақылау жүйесі көпдеңгейлі болып табылады және құрылымдық бөлімшелер, тәуекел-менеджмент бөлімшесі, Басқарма/Инвестициялық комитет және Директорлар кеңесі арасында функцияларды бөлуді көздейді. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары бизнес-процестер деңгейінде бақылауды жүзеге асырады, тәуекел-менеджмент бөлімшесі тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіруді қамтамасыз етеді, ал басқару органдары өз өкілеттіктері шеңберінде бақылау мен шешім қабылдауды жүзеге асырады.
166	Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес Қоғам қызметінің өздеріне жүктелген функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, құжаттау, енгізу, мониторингтеу және дамыту үшін жауапты болады.	Сақталады	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының өздерінің функционалдық салалары шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапкершілігі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген. Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес ішкі бақылау жүйесі көпдеңгейлі болып табылады және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуын көздейді. Бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде қызметті бақылауды жүзеге асырады, оның ішінде тиісті қызмет бағыттары бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды және мониторингтеуді қамтиды.
167	Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы (қызмет ауқымы мен ерекшелігіне байланысты) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің болуын көздейді, оның міндеттеріне мыналар жатады: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жалпы үйлестіру; 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу және бизнес-процестер иелері мен қызметкерлерге тәуекелдерді сәйкестендіру, құжаттау, бақылау	Сақталады	Қоғамда қызметі Тәуекел-менеджмент департаменті туралы ережемен реттелетін мамандандырылған бөлімше – Тәуекел-менеджмент департаменті жұмыс істейді. Ережеге сәйкес Департамент тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіруді, тәуекелдерді басқару саласындағы нормативтік-әдіснамалық базаны әзірлеуді және жетілдіруді, тәуекелдер туралы ақпаратты жинау мен талдауды, белгіленген лимиттердің сақталуына мониторинг жүргізуді және Директорлар кеңесі мен Инвестициялық комитет үшін тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауды жүзеге асырады.

	рәсімдерін енгізу, мониторингтеу және жетілдіру, тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді қалыптастыру процесінде әдіснамалық қолдау көрсету; 3) қызметкерлерді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында оқытуды ұйымдастыру; 4) тәуекелдер портфелін талдау және тәуекелдерге әрекет ету стратегиясы мен тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ресурстарды қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу; 5) тәуекелдер бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарда көзделген мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мен Басқарманы хабардар ету; 6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшы тәуекел иесі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлау, корпоративтік қаржы, қазынашылық, инвестициялық қызмет, ішкі аудит функцияларымен қатар атқаруға жол берілмейді. Басқа функциялармен қатар атқаруға елеулі мүдделер қақтығысы туындамаған жағдайда жол беріледі.		Департамент сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетеді, тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттарды дайындауға қатысады және тәуекелдер деңгейін төмендету мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. Осылайша, Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше құрылған
168	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімдерін, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейді.	Сақталады	Қоғамда елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды, мониторингтеуді және басқаруды көздейтін тәуекелдерді басқару рәсімдері енгізілген. Тәуекелдерді басқару тәсілдері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында, оның ішінде Тәуекелдерді басқару саясатында және Тәуекелдерді басқару тәртібінде (әдістемесінде) бекітілген, олар тәуекелдерді анықтау,

	Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жедел әрекет етуді, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етеді. Қоғамның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында елеулі күтпеген өзгерістер болған жағдайда өзгерістердің Қоғам қызметіне әсеріне бағалау жүргізіледі, тәуекелдер картасы және оның тәуекел-тәбет деңгейлеріне сәйкестігі қайта қаралады.		талдау және мониторингтеу рәсімдерін, сондай-ақ оларға әрекет ету шараларын айқындайды. Тәуекел-менеджмент департаменті тәуекелдерді талдау мен мониторингтеуді, белгіленген лимиттердің сақталуын бақылауды, сондай-ақ басқару органдары үшін тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауды жүзеге асырады. Сыртқы немесе ішкі орта өзгерген жағдайда тәуекелдер параметрлері қайта қаралып, олардың Қоғам қызметіне әсеріне бағалау жүргізіледі
169	Директорлар кеңесі Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілетін тәуекел-тәбеттің жалпы деңгейін және негізгі тәуекелдерге қатысты толеранттылық деңгейлерін бекітеді.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет шеңберінде тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін белгілейді. Атап айтқанда, тәуекелдер бойынша лимиттер мен шектеулерді көздейтін баламалы инвестициялар суб-портфельдерінің параметрлері жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылады. Аталған параметрлер тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін айқындайды және инвестициялық шешімдер қабылдау және тәуекелдер мониторингі кезінде қолданылады.
170	Негізгі тәуекелдер бойынша толеранттылық деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметтегі тәуекелдерді шектейтін лимиттер белгіленеді.	Сақталады	Қоғамда қызметті жүзеге асыру процесінде қабылданатын тәуекелдер деңгейін шектейтін лимиттер мен тәуекел параметрлері белгіленген. Тиісті шектеулер мен лимиттерді көздейтін баламалы инвестициялар суб-портфельдерінің параметрлері жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылады. Тәуекелдер деңгейіне әсер ететін сыртқы немесе ішкі ортада елеулі өзгерістер болған жағдайда белгіленген параметрлер мен шектеулер қайта қаралады.
171	Қоғамға тән тәуекелдерді тұтас және айқын түсіну үшін Қоғамда тұрақты негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, олар Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, тәуекелдерді азайту стратегиялары) көрсетіледі.	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесіне сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі тәуекел иелері, тәуекел санаттары, олардың іске асу ықтималдығы, ықтимал залал және қабылданған әрекет ету шаралары туралы ақпаратты қамтитын операциялық тәуекелдер

	Қоғам жұмыскерлері күнделікті негізде тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өздерінің функционалдық міндеттері саласында олардың ықтимал әсеріне мониторинг жүргізеді.		тізілімін жүргізеді. Сондай-ақ Қоғам қызметінде туындайтын тәуекелдерді жүйелеуге және жіктеуге мүмкіндік беретін операциялық тәуекелдер анықтамалығы қолданылады. Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару процесіне қатысады және өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде анықталған тәуекелдер туралы тәуекел-менеджмент бөлімшесін хабардар етеді. Елеулі тәуекелдер және олардың мониторингі нәтижелері туралы ақпарат Басқармаға және Директорлар кеңесіне ұсынылады.
172	Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдер тізбесін қарау кезінде оларға стратегиялық міндеттердің іске асырылуына шынымен әсер етуі мүмкін тәуекелдердің енгізілуін қамтамасыз етеді, ал тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың тиімділігіне көз жеткізеді. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы Қоғамның іс-шаралар жоспарына әсер ету тұрғысынан негізгі тәуекелдер және оларды талдау туралы ақпаратты тұрақты түрде алады. Тәуекелдер бойынша есептер тоқсанына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына шығарылады және тиісінше толық көлемде талқыланады.	Ішінара сақталады	Қоғамда баламалы құралдар портфелінің табыстылығы мен тәуекелдерге ұшырауы туралы, сондай-ақ белгіленген шектеулердің сақталуын бақылау бойынша есептілік тұрақты негізде қалыптастырылады. Аталған есептер тоқсан сайын Инвестициялық комитеттің қарауына шығарылады. Инвестициялық комитетте қарау қорытындылары бойынша есептер Директорлар кеңесінің мүшелеріне танысу үшін жіберіледі. Осылайша, негізгі тәуекелдер туралы ақпарат Қоғамның басқару органдарының назарына тұрақты түрде жеткізіледі. Сонымен қатар Қоғамның стратегиялық міндеттерін іске асыруға әсер ететін тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің күндізгі қарауына тұрақты негізде шығарылмайды, осыған байланысты талап ішінара орындалған.
173	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында ашық қағидаттар мен тәсілдер, жұмыскерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту практикасы, сондай-ақ ақпаратты құжаттау және оны лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу процесі енгізіледі.	Сақталады	Қоғамда Тәуекелдерді басқару саясатын және Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесін қоса алғанда, ішкі нормативтік құжаттарда бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен тәсілдері енгізілген. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетеді және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу мәселелері бойынша олармен өзара іс-қимыл жасайды. Тәуекелдер және тәуекелдерді басқару рәсімдері туралы ақпарат қолданыстағы регламенттер шеңберінде тиісті бөлімшелердің назарына жеткізіледі.

			Қоғамның Тәуекелдерді басқару тәртібі мен әдістемесінің 71-тармағына сәйкес Тәуекел-менеджмент бөлімшесі тоқсан сайын Басқарманың қарауына есепті кезеңде іске асырылған операциялық тәуекелдер және олардың иелері көрсетілген жиынтық есеп ұсынады.
174	Қоғам жұмыскерлері жыл сайын, сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде өздерінің лауазымдық міндеттеріне қатысты бөлігінде қабылданған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу үшін оқытудан/кіріспе нұсқамадан өтеді. Осындай оқыту нәтижелері бойынша білімді тестілеу жүргізіледі.	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттар енгізілген. Тәуекел-менеджмент департаменті құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетеді және тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау мәселелері бойынша олармен өзара іс-қимыл жасайды. 2025 есепті жылы Тәуекел-менеджмент бөлімшесі Қоғам қызметкерлеріне оқыту жүргізді, кейіннен тиісті нұсқама мен тестілеудің жыл сайынғы практикасы енгізілді
Ішкі бақылау және аудит			
175	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде Қоғамның кез келген жұмыскері мен лауазымды тұлғасының Қазақстан Республикасы заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесін, Ішкі аудит комитетін және Ішкі аудит қызметін хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі ұйымдастырылады.	Сақталады	Қоғамда заңнаманы және ішкі құжаттарды бұзу фактілері туралы хабарлау тетіктері жұмыс істейді. Атап айтқанда, анықталған бұзушылықтар туралы хабарлау міндетін көздейтін Іскерлік әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және Мүдделер қақтығысын басқару саясаты қолданылады. Қоғамның ресми сайтында комплаенс-бақылау телефоны мен электрондық поштаны қамтитын сенім желісі орналастырылған, олар арқылы жұмыскерлер мен өзге де тұлғалар ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар жібере алады.
176	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің, сондай-ақ корпоративтік басқару практикасының сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамда үш негізгі бағыт бойынша: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, формализациялау және құжаттау жүзеге асырылады.	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізетін ІАҚ жұмыс істейді. ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттар негізінде жүзеге асырады және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау процестерінің және құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігіне тексерулер жүргізеді. Бақылау рәсімдері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары мен бизнес-процестері шеңберінде, оның ішінде операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және

	Бақылау рәсімдері басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылуға және Қоғамның барлық қызметкерлерімен сақталуға тиіс және мыналарға бағытталған: 1) ықтимал тәуекелдердің туындау ықтималдығын төмендетуге; 2) қателердің туындауының алдын алуға және/немесе олар жасалғаннан кейін қателерді анықтауға; 3) қайталанатын және артық операцияларды анықтауға және жоюға; 4) кемшіліктер мен жақсарту салаларын анықтауға; 5) ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіруге. Директорлар кеңесі ішкі аудит комитетімен бірлесіп Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау үшін жауапты болады. Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметі немесе сыртқы сарапшы, ішкі аудит комитеті және Басқарма жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісінше және мұқият талдағаннан кейін оның тиімділігі туралы өз пікірін қалыптастырады. Директорлар кеңесі тұрақты негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру, оның жұмыс істеуі мен тиімділігі мәселелерін қарайды және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.		Қазақстан Республикасы заңнамасы мен ішкі құжаттар талаптарын сақтау рәсімдерін қоса алғанда іске асырылады. Аудиторлық тексерулердің нәтижелері және Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есеп Ішкі аудит комитетімен және Директорлар кеңесімен қаралады, олар тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жай-күйі мен тиімділігі туралы пікір қалыптастырады және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.
177	Ішкі аудит қызметі өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспары негізінде жүзеге асырады.	Сақталады	ІАҚ өз қызметін тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық тексерулердің орта мерзімді және жылдық жоспарлары тәуекелдерді бағалауды ескере отырып қалыптастырылады және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.
178	Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықталған мәселелер және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.	Сақталады	Аудиторлық тексерулердің нәтижелері, ІАҚ анықтаған негізгі кемшіліктер мен ұсынымдар тоқсан сайын Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.
179	Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару	Сақталады	ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің және

	жүйесінің тиімділігіне, сондай-ақ ішкі аудит саласындағы жалпыға танылған қызмет стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып корпоративтік басқаруға бағалау жүргізеді. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды: 1) бизнес-процестердің, жобалардың және құрылымдық бөлімшелердің мақсаттарының Қоғам мақсаттарына сәйкестігін талдауды жүргізу, бизнес-процестердің (қызметтің) және ақпараттық жүйелердің сенімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етуді, оның ішінде құқыққа қарсы әрекеттерге, теріс пайдалануға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерінің сенімділігін тексеру; 2) бухгалтерлік (қаржылық), статистикалық, басқарушылық және өзге де есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз етуді тексеру, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелер қызметі нәтижелерінің қойылған мақсаттарға сәйкестігін анықтау; 3) Қоғамның Басқармасы қойған мақсаттардың орындалу (қол жеткізу) дәрежесін талдау үшін белгіленген критерийлердің барабарлығын айқындау; 4) қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бермеген (мүмкіндік бермейтін) ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктерін анықтау; 5) басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылатын бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды енгізу (іске асыру) нәтижелерін бағалау; 6) ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен орындылығын тексеру; 7) Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз етуді тексеру; 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды тексеру.		корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бағалау жүргізеді. Қоғамда аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілген, оған сәйкес бағалау COSO-ның жалпыға танылған тәсілдері мен қағидаттарын қолдана отырып жүргізіледі, ал бағалау нәтижелері аудиторлық есепте көрсетіледі. Аудиторлық тексерулер шеңберінде ІАҚ бақылау рәсімдерінің тиімділігін, бизнес-процестердің сенімділігін, есептіліктің дұрыстығын, заңнама мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуын, сондай-ақ ресурстарды пайдалану тиімділігі мен активтердің сақталуын талдайды.

	Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды: 1) тәуекелдерді тиімді басқару үшін тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің жеткіліктілігі мен жетілуін тексеру (мақсаттар мен міндеттер, инфрақұрылым, процестерді ұйымдастыру, нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылы, есептілік); 2) Басқарманың басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді анықтауының толықтығын және тәуекелдерді бағалаудың дұрыстығын тексеру; 3) бақылау рәсімдерінің және тәуекелдерді басқару бойынша өзге де іс-шаралардың тиімділігін, оның ішінде осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін тексеру; 4) іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты талдауды жүргізу (ішкі аудиторлық тексерулер нәтижесінде анықталған бұзушылықтар, қойылған мақсаттарға қол жеткізбеу фактілері, сот талқылаулары фактілері). Корпоративтік басқаруды бағалау мыналарды тексеруді қамтиды: 1) Қоғамның этикалық қағидаттары мен корпоративтік құндылықтарының сақталуын; 2) мақсаттарды қою, олардың орындалуын мониторингтеу және бақылау тәртібін; 3) басқарудың барлық деңгейлерінде, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық өзара іс-қимылды нормативтік қамтамасыз ету және рәсімдер деңгейін (оның ішінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша); 4) Жалғыз акционер құқықтарының қамтамасыз етілуін және мүдделі тараптармен өзара қатынастардың тиімділігін; 5) Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу рәсімдерін.		

180	Қоғам қаржылық есептілік аудитін жыл сайын сыртқы аудитор – Қоғамның қаржылық есептілігінің дұрыстығы және оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы мүдделі тараптарға тәуелсіз және объективті пікір ұсынатын аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүргізеді.	Сақталады	Қоғам тәуелсіз аудиторлық ұйымды тарта отырып, қаржылық есептілік аудитін жыл сайын жүргізеді. Сыртқы аудитор Қоғамның қаржылық есептілігіне тексеру жүргізеді және оның дұрыстығы мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы тәуелсіз пікір ұсынады. Қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылады.
181	Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте іріктеу кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит комитетінің пікірі ескеріледі, оның мүшелері конкурстық комиссияның құрамына енгізілуі мүмкін.	Сақталады	Қоғамның сыртқы аудиторы белгіленген рәсімдерге сәйкес конкурс (тендер) негізінде таңдалады. Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті іріктеу нәтижелерін қарайды және сыртқы аудитор кандидатурасын Жалғыз акционердің бекітуіне ұсынады
182	Тартылатын сыртқы аудитор Қоғамға сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін консультациялық қызметтер көрсетпейді, Қоғамда аудиторлық ұйымнан жұмыстан шығарылғаннан кейін екі жылдан ерте аудиторлық топтың бұрынғы мүшелерін Директорлар кеңесінің құрамына сайлау, басшылық лауазымдарға, оның ішінде ІАҚ басшысы, бас бухгалтер, қаржы директоры, Басқарма мүшесі лауазымдарына қабылдау практикасы қолданылмайды. Аудиторлық ұйым тәуелсіздігінің тәуекелдерін және қаржылық есептілік аудитінің және өзге ақпараттың ықтимал сапасын бағалау үшін аудиторлық ұйымға төленетін сыйақы туралы ақпаратты, оның ішінде аудит қызметтері және қаржылық есептілік пен өзге ақпарат аудитімен байланысты емес қызметтер үшін бөлек ашу қажет.Ақпаратты іздеуді жеңілдету мақсатында ол Қоғамның интернет-ресурсында және жылдық есебінде ашылады. Қоғамда сыртқы аудиторды таңдау және онымен өзара іс-қимыл мәселелері регламенттеледі.	Ішінара сақталады	Қоғамда қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде сыртқы аудитордың тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі. Сыртқы аудитор Қоғамға оның тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін консультациялық қызметтер көрсетпейді. Сондай-ақ Қоғамда аудиторлық ұйымнан жұмыстан шығарылғаннан кейін белгіленген мерзімнен ерте аудиторлық топ құрамынан тұлғаларды басшылық лауазымдарға қабылдау практикасы жоқ. Сонымен қатар аудиторлық ұйымға төленетін сыйақы туралы ақпаратты ашу Қоғамның жылдық есебінде жүзеге асырылатын болады, оны дайындау алғаш рет 2025 жылдың қорытындысы бойынша Корпоративтік басқару кодексінің 2025 жылғы шілдеде бекітілуіне байланысты көзделген. Қоғамда сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін жеке ішкі құжат бекітілмеген, осыған байланысты талап ішінара орындалған.
183	Мүдделі тараптар Қоғамның қаржылық есептілігінің дұрыстығына келесі критерийлерге сәйкес келетін сыртқы аудиторды тарту арқылы көз жеткізеді:	Сақталады	Қоғамның сыртқы аудиторы кәсіби біліктілігін, жұмыс тәжірибесін, іскерлік беделін және Қазақстан Республикасы заңнамасы мен халықаралық аудит стандарттарының

	1) аудиторлық ұйым мамандарының жоғары біліктілік деңгейі; жұмыс тәжірибесінің және оң беделінің болуы (қажет болған жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта); 2) саладағы тәжірибесінің болуы; 3) аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексін сақтауы; 4) кемшіліктерді анықтау және қаржылық есептілікті дайындау процесі бойынша ішкі бақылауды жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру бойынша жұмыстың тиімділігі.		талаптарына сәйкестігін ескере отырып конкурс негізінде таңдалады.
184	Қоғам аудитті жүзеге асыру және сыртқы аудиторлармен өзара қатынастар тәртібін реттейтін құжаттарды, оның ішінде сыртқы аудиторды таңдау процесін, конкурстық комиссияның өкілеттіктері мен функцияларын, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудитімен және өзге ақпаратпен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсету мәселелерін, аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымның аға персоналын ротациялау мәселелерін, аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мәселелерін бекітеді.	Ішінара сақталады	Қоғамның сыртқы аудиторы конкурс негізінде таңдалады, бұл ретте Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті іріктеу нәтижелерін қарайды және сыртқы аудитор кандидатурасын Жалғыз акционердің бекітуіне ұсынады. Сонымен қатар аудиторлық ұйыммен өзара іс-қимыл тәртібін, оның ішінде аудиторлық ұйым мен оның негізгі персоналын ротациялау, аудиторлық емес қызметтер көрсету және аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа орналастыруға қатысты шектеулер мәселелерін кешенді түрде реттейтін жеке ішкі құжат Қоғамда бекітілмеген.
185	Қаржылық есептілік аудитіне жауапты партнерлер мен аға персоналды ротациялау, егер аудиторлық ұйым Қоғамға қатарынан 5 (бес) жылдан астам аудиторлық қызмет көрсеткен жағдайда, кемінде бес жылда бір рет жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті аудиторлық қорытынды шығарылғанға дейін аудиторлық процесс шеңберінде сыртқы аудиторлармен тұрақты түрде (кемінде үш рет) кездесулер өткізеді. Сыртқы аудитор қаржылық есептілік аудиті мәселелерін талқылау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит комитетіне қол жеткізе алады. Ішкі аудит комитеті болмаған жағдайда сыртқы аудитор	Сақталады	Сыртқы аудитор аудиторлық процесс шеңберінде Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетімен өзара іс-қимыл жасайды. Ішкі аудит комитеті аудит жоспарын, аудиторлық рәсімдерді жүргізу барысын және қаржылық есептілік аудитінің нәтижелерін талқылау үшін сыртқы аудитормен кездесулер өткізеді. Сыртқы аудитор Ішкі аудит комитетімен тікелей өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігіне ие және аудиттің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат ұсынады, сондай-ақ тәуелсіздік талаптарының сақталуын растайды.

	Директорлар кеңесімен және оның төрағасымен тікелей өзара іс-қимыл жасайды. Сыртқы аудитор Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит комитетіне қаржылық есептілік аудитінің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат ұсынады; тәуелсіздіктің сақталуын, Қоғамда қаржылық мүдделердің болмауын, сыйақының жалпы сомасының сыртқы аудитордың қаржылық тәуелділігіне елеулі әсерінің жоқтығын растайды.		Аудиторлық ұйымның партнері мен аға персоналын ротациялау аудиторлық қызмет саласындағы заңнама және кәсіби стандарттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
7. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты			
186	Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Қоғам жұмыскерлері корпоративтік қақтығыстарға жол бермей, өздерінің кәсіби функцияларын Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін адал және парасатты орындайды. Қоғамның лауазымды тұлғалары корпоративтік хатшыны және (немесе) омбудсменді қақтығыстың болуы (туындауы) туралы уақтылы хабардар етеді.	Сақталады	Қоғамда лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін өз міндеттерін орындау кезінде адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтауы қамтамасыз етіледі. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Қоғамда басқару органдарының құзыреттері нақты ажыратылған, сондай-ақ тиісті мәселелерді реттейтін ішкі құжаттар қолданылады. Атап айтқанда, Қоғамда келесі құжаттар бекітілген және қолданылады: • Іскерлік әдеп кодексі; • Мүдделер қақтығысын басқару саясаты; • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты. Қоғамның ұйымдық құрылымында омбудсмен лауазымы көзделмеген, алайда тиісті функциялар қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі шеңберінде іске асырылады.
187	Корпоративтік қақтығыстар корпоративтік хатшының және (немесе) омбудсменнің жәрдемдесуімен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен қаралады. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет қарайды.	Сақталады	Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеуге жәрдемдеседі. Мүдделер қақтығысына байланысты мәселелер Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетпен де қаралуы мүмкін.

188	Корпоративтік қақтығысты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында мүдделері қақтығыспен қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін тұлғалар оны реттеуге қатыспайды.	Ішінара сақталады	Мүдделер қақтығысының алдын алу қағидаттары Қоғамның ішкі құжаттарында, оның ішінде Мүдделер қақтығысын басқару саясатында бекітілген. Қоғамның ішкі құжаттарында корпоративтік қақтығыстарды реттеудің жеке рәсімі есепті күнге регламенттелмеген.
189	Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты мен қағидаларын әзірлейді және мерзімді түрде қайта қарайды, бұл ретте оларды шешу Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделеріне сай болуы тиіс.	Ішінара сақталады	Корпоративтік қақтығыстарды реттеудің жеке саясаты есепті күнге әзірленбеген. Тиісті мәселелер Корпоративтік басқару кодексінің ережелерімен және Қоғамның қолданыстағы ішкі құжаттарымен реттеледі.
190	Директорлар кеңесі өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда корпоративтік хатшыға және/немесе омбудсменге Директорлар кеңесінің корпоративтік қақтығыстың мәні туралы мүмкіндігінше хабардар болуын қамтамасыз ету және корпоративтік қақтығысты шешуде делдал рөлін атқару міндеті жүктеледі.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын корпоративтік қақтығыстарды реттеу мәселелері белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінде қаралуы мүмкін. Корпоративтік хатшы өз функциялары шеңберінде ықтимал корпоративтік қақтығыстарға байланысты мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар етуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды қарау кезінде тараптардың өзара іс-қимылына жәрдемдеседі. Сонымен қатар Қоғамның ұйымдық құрылымында омбудсмен лауазымы есепті күнге көзделмеген.
191	Басқарма төрағасы Қоғам атынан шешім қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ корпоративтік қақтығыстарды реттеу жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін дербес айқындайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді Қоғам атынан Басқарма төрағасы жүзеге асырады. Басқарма төрағасы өз өкілеттіктері шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, тиісті мәселелерді қарауды ұйымдастырады және оларды реттеу бойынша жұмыс тәртібін айқындайды.
192	Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жатпайтын корпоративтік қақтығыстарды қарайды.	Сақталады	Қаралуы Басқарманың құзыретіне жатпайтын корпоративтік қақтығыстар белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылуы мүмкін. Директорлар кеңесі мұндай мәселелерді Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін ескере отырып қарайды және өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдайды.

193	Мүдделер қақтығысы деп Директорлар кеңесі мүшесінің немесе Қоғам қызметкерінің жеке мүдделілігі лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай түсініледі.	Сақталады	Қоғамда жұмыскерлердің немесе лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі олардың міндеттерін объективті орындауына әсер етуі мүмкін жағдайларды анықтау және алдын алу мәселелерін реттейтін Мүдделер қақтығысын басқару саясаты қолданылады.
194	Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздеріне (немесе өздерімен байланысты тұлғаларға) қатысты да, басқа тұлғаларға қатысты да мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларға жол бермейді. Қоғам Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау және Қоғамның Директорлар кеңесі процестеріне саяси араласуды шектеу мақсатында олардың алдын алу және реттеу тетіктерін енгізеді.	Сақталады	Қоғамда мүдделер қақтығысының алдын алуға және реттеуге бағытталған ішкі құжаттар, оның ішінде Іскерлік әдеп кодексі, Мүдделер қақтығысын басқару саясаты және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қолданылады.
195	Мүдделер қақтығысының алдын алудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Іскерлік әдеп кодексінде бекітіледі.	Сақталады	Қоғамда мүдделер қақтығысының алдын алуға және реттеуге бағытталған ішкі құжаттар, оның ішінде Іскерлік әдеп кодексі, Мүдделер қақтығысын басқару саясаты және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қолданылады.
8. Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты			
196	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы және шынайы ашады. Қоғамның ақпаратты ашуы ашықтық, жүйелілік және жеделдік, сондай-ақ ашылатын деректердің қолжетімділігі, дұрыстығы, толықтығы және салыстырмалылығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты ашу кезінде оны тарату арналары қажетті ақпаратқа тең қолжетімді, уақтылы және шамадан тыс шығындармен байланысты емес қолжетімділікті	Сақталады	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен бекітілген Эмитенттің ақпаратты ашу қағидаларына сәйкес Корпоративтік хатшы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бұқаралық ақпарат құралы болып табылатын есепті (Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді) орналастыруды/жариялауды қамтамасыз етеді.

	қамтамасыз етеді. Ақпаратқа қол жеткізу тегін негізде ұсынылады және онымен танысу үшін арнайы рәсімдерді (құпиясөздер алу, тіркелу немесе өзге де техникалық шектеулер) орындауды талап етпейді.		
197	Қоғамда ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді олардың функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін өзге де ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар шеңберін айқындайды және оның құпиялылығын қорғау бойынша шаралар қабылдайды.	Сақталады	Қоғамда **Қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қорғау саясаты** қабылданған, ол қолжетімділігі шектеулі ақпараттың сыныптамасын, мұндай ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету шараларын айқындайды. Қоғам корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер, аффилиирленген тұлғалардың тізімдері, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында орналастыру арқылы ашады
198	Қоғамның интернет-ресурсы құрылымдалған, навигацияға ыңғайлы және мүдделі тұлғалардың Қоғам қызметін түсінуі үшін қажетті ақпаратты қамтиды. Ақпарат интернет-ресурстың жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады.	Сақталады	Қоғамның интернет-ресурсында Қоғам қызметі туралы ақпарат, оның ішінде басқару органдары, қызметтің негізгі бағыттары, ішкі құжаттар туралы мәліметтер, сондай-ақ мүдделі тұлғалар үшін қызығушылық тудыратын өзге де ақпарат орналастырылады. Ақпарат құрылымдалған және интернет-ресурстың тиісті тақырыптық бөлімдерінде орналастырылған, бұл навигацияның ыңғайлылығын және мүдделі тұлғалардың Қоғам қызметі туралы мәліметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.
199	Интернет-ресурсты өзектендіру қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады. Қоғамда интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне тұрақты негізде бақылау жүзеге асырылады, сондай-ақ интернет-ресурстың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларында орналастырылған ақпараттың сәйкестігі айқындалады.	Сақталады	Қоғамның интернет-ресурсындағы ақпаратты өзектендіру қажеттілігіне қарай, оның ішінде Қоғам қызметі туралы жаңалықтар мен өзге де өзекті ақпараттың пайда болуына қарай жүзеге асырылады. Интернет-ресурста ақпаратты орналастыру және жаңарту жауапты құрылымдық бөлімшелермен өз құзыреті шеңберінде жүзеге асырылады.

	Осы мақсатта интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.		Бұл ретте интернет-ресурстың тиісті тілдік нұсқаларында (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) ақпаратты орналастыру қажеттілігіне қарай қамтамасыз етіледі.
200	Қоғамның интернет-ресурсында келесі ақпарат қамтылады: 1) миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар және қызмет түрлері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза кіріс және қызметкерлер саны туралы ақпаратты қоса алғанда, Қоғам туралы жалпы ақпарат; 2) органдардың, комитеттердің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенстің, омбудсменнің қызметін реттейтін Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттары; 3) этикалық қағидаттар туралы; 4) тәуекелдерді басқару туралы; 5) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы, оның ішінде келесі мәліметтер: фотосурет (Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттеріндегі мүшелік немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып отырған өзге де лауазымдары, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне алғаш сайланған күні және қолданыстағы Директорлар кеңесіне сайланған күні, директорлардың тәуелсіздік критерийлері; 6) Басқарма мүшелері туралы, оның ішінде келесі мәліметтер: фотосурет, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы,	Сақталады	Қоғамның интернет-ресурсында мүдделі тұлғаларға қажетті Қоғам қызметі туралы негізгі ақпарат, оның ішінде басқару органдары, Қоғамның ішкі құжаттары, қаржылық есептілік, тәуекелдерді басқару жүйесі, сатып алу қызметі, активтер мен жарғылық капитал құрылымы туралы мәліметтер, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген өзге де ақпарат қамтылады. Бұдан басқа, интернет-ресурста Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сыртқы аудитор, Қоғамның орнықты даму саласындағы қызметі, корпоративтік оқиғалар, жаңалықтар және баспасөз релиздері туралы мәліметтер орналастырылады. Интернет-ресурстағы ақпарат тақырыптық бөлімдер бойынша құрылымдалған және Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген көлемде ашылады.

	бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары; 7) жылдық қаржылық есептілік туралы; 8) жылдық есептер туралы; 9) сыртқы аудитор туралы; 10) сатып алу қызметі туралы, оның ішінде сатып алу қағидалары, хабарландырулар және сатып алу нәтижелері; 11) жарғылық капитал құрылымы туралы, оның ішінде келесі мәліметтер: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналдық құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналдық құны, жалғыз акционер туралы ақпарат; 12) активтер құрылымы туралы, оның ішінде барлық деңгейдегі аффилиирленген ұйымдар туралы олардың қызмет саласын қысқаша көрсете отырып ақпарат; 13) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы; 14) мүдделілік бар мәмілелер туралы, оның ішінде мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтер; 15) ірі мәмілелер туралы, оның ішінде мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтер; 16) орнықты даму саласындағы қызмет туралы; 17) бекітілген дивидендтер мөлшері туралы; 18) жаңалықтар мен баспасөз релиздері туралы; 19) интернет-ресурстың басты бетінде сенім желісі туралы – Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі рәсімдердің, Іскерлік әдеп кодексінің кез келген қызметкермен және/немесе лауазымды тұлғамен бұзылу фактілері туралы Директорлар кеңесін (Ішкі аудит		

	комитетін) және ішкі аудит қызметін хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі туралы ақпарат.		
201	Қоғам осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашу практикасына сәйкес жылдық есеп дайындайды. Жылдық есеп Директорлар кеңесімен бекітіледі.	Сақталады	Есепті жылы Кодекс бекітілгеннен кейін Қоғам жылдық есепті дайындауды, бекітуді және орналастыруды жоспарлайды.
202	Жылдық есеп мүдделі тараптар үшін негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Жылдық есеп құрылымдалған және визуалды түрде ыңғайлы құжат болып табылады және қажет болған жағдайда басқа тілдерді пайдалана отырып қазақ тілінде жарияланады. Жылдық есеп Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігі Жалғыз акционермен бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде дайындалып, интернет-ресурста орналастырылады.	Сақталады	Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі есепті жылы бекітілді. Осыған байланысты Кодекс талаптарына сәйкес жылдық есепті дайындау алғаш рет жүзеге асырылуда. Қоғамның 2025 жылға арналған жылдық есебі Кодекс ережелері мен ақпаратты ашу практикасын ескере отырып дайындалады, Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады және Директорлар кеңесі бекіткеннен және Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігі Жалғыз акционермен бекітілгеннен кейін белгіленген тәртіппен орналастырылады.
203	Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар келесі ақпараттың болуын көздейді: (Кодексте көрсетілген тізбеге сәйкес).	Сақталады	Кодекс Қоғамда есепті жылы бекітілгеніне байланысты Қоғам 2025 жылға арналған жылдық есепті оның мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес дайындауда және оны Кодекс ережелеріне сәйкес бекітуді және орналастыруды жоспарлайды.
204	Қоғам өз қызметінде осы Кодекстің ережелерін енгізуге ұмтылады.	Сақталады	Қоғам Кодекс ережелерін өз қызметіне дәйекті түрде енгізуде. Кодексте көзделген қағидаттар мен тәсілдер корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, ішкі құжаттарды әзірлеу және өзектендіру, сондай-ақ Қоғамның басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызмет практикасы кезінде ескеріледі. Кодекс ережелерін одан әрі енгізу бойынша жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылады.
205	Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғамның және мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, заңнамадағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық практикада корпоративтік басқарудың жаңа стандарттарының пайда болуын ескере отырып Кодексті жетілдіреді.	Сақталады	Қоғам қажеттілігіне қарай Кодексті және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын жетілдіреді.
206	Кодексте көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.	Сақталады	Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз жұмысында Қоғамның Жарғысын, Қазақстан

			Республикасының заңнамасын және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
207	Қоғам Кодекс ережелерін бейімдеуге және қолдануға бағытталған қосымша ішкі құжаттарды әзірлеп, қабылдай алады.	Сақталады	Қоғамда Кодекс ережелерін бейімдеуге және қолдануға бағытталған қосымша ішкі құжаттарды әзірлеу және бекіту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қорытынды

Тұтастай алғанда, Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі Кодекстің негізгі қағидаттарының, оның ішінде ашықтықтың, есептіліктің, басқару тиімділігінің және тәуекелдерді бақылаудың сақталуын қамтамасыз етеді және үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып дәйекті түрде дамуын жалғастыруда.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Кодекстің жалпы 207 ережесінің ішінен:

- 5 ереже қолданылмайды;
- бағалауға 202 ереже жатқызылды, оның ішінде:
- 171 ереже толық көлемде сақталады;
- 31 ереже ішінара сақталады және кезең-кезеңімен енгізілуде.

«Ішінара сақталады» мәртебесі бар ережелер төмендетілген коэффициентпен ескерілетін салмақталған тәсілді қолдануды есепке ала отырып, Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталу деңгейі 92,3%-ды құрайды.

Жекелеген ережелердің ішінара сақталуы Корпоративтік басқару кодексінің есепті кезеңде бекітілуімен байланысты, осыған байланысты тиісті процестер, рәсімдер және ішкі құжаттар енгізу және одан әрі формализациялау сатысында тұр

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес іске асырылатын және іргелі сипатқа ие Кодекс ережелері қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесіне интеграцияланған және жеке ашып көрсетуді талап етпейді.

Тұтастай алғанда, Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі Кодекстің негізгі қағидаттарына және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келеді, басқару органдары қызметінің ашықтығының, есептілігінің, тәуекелдерді басқарудың және тиімділігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етеді.